

# Махмұт ҚАШҚАРИ ТҮРІК СӨЗДІГІ



Махмұт ҚАШҚАРИ  
ТҮРІК СӨЗДІГІ

Tyulemissov Madi مەدى ابو اصل

[tmadi1@gmail.com](mailto:tmadi1@gmail.com)

محمود كاشغرى

# ديوان الغائب الترى



ۇش تومدوق

اۇدارعان جانە العى سوزى مەن علمى  
تۇسنىكتەرسىن جازىب، باسپاعا داينداغان  
اقس، سنشى، فيلولوگيا علمدارىنىڭ كانديداتى  
اسقار نۇرماھۇلى، گمۇھاي

بىرىنشى توم

Махмұт ҚАШҚАРИ

ТҮРІК  
СӨЗДІГІ



ҮШ  
ТОМДЫҚ

Аударған, алғысөзі мен ғылыми  
түсініктерін жазып, баспаға  
дайындаған ақын, сыншы, филоло-  
гия ғылымдарының кандидаты  
Асқар Құрмашұлы ЕГЕУБАЙ

БІРІНШІ  
ТОМЫ



Халықаралық «Желгіер» қоры

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
«ХАНТ» баспасы  
1997 жыл

**Қ52 Махмұт ҚАШҚАРИ.**

Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. ЕГЕУБАЙ. — Алматы: ХАНТ.,

ISBN 5-620-00890-8

«Түрік тілдерінің жинағы (Түрік сөздігі)» — түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазнасына қосқан ұлы мұрасы. Үш томдық бұл зерттеу еңбегі күллі түрік тілдерінің тұңғыш әрі аса терең мағыналы ғылыми сипаттамасы. Сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұт Қашқари «Түрік тілдерінің жинағын» барлық түрік текті ұлыс, тайпаларды аралап жинап, зерттеп, талдап барып жазған. Күллі түрік елдерінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап. Түрік тілінің тұңғыш та, әсте қайталанбайтын бірегей оқулығы.

XI ғасырдың бұл энциклопедиялық терең мазмұнды зерттеуі қазіргі түрік тектес ұлттардың ежелгі мәдениетінде қайта жаңғыру үрдісі жаңа бағыт алған тұста аса қажетті де пайдалы еңбек. Ана тіліміздің, туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің түп негіздері, төл заңдылықтары осы білікті зерттеу беттерінде жұлдыздай жамырап көрінеді.

Қазақ ұлысының жаңа ғылымы да, таным дүниесі де, елдік қағидалары да осындай аталы дәстүрімізден қуат алып, нәр жинауы тиіс.

К  $\frac{4602030000 - 001}{97}$  96

ББК 81.2-4 Я2

ISBN 5-620-0 0890-8

© ТОО «ХАНТ» 1997

# ЖОЛЫҢ БОЛСЫН, «ЖӘДІГЕР»!



Тәуелсіздік туын көтеріп, егемендік өрісіне өз бағытымен шыққан жас мемлекетіміз үшін тарих — көне дәуірлердің куәсі ғана емес, сонымен бірге ол осы жерді мекендеген халықтың зердесі, парасат-пайымы, бүгінгінің — негізі, ертеңінің — бағдары. Ұзақ уақыттар бойы бұрмаланып келген халқымыздың тарихын егемен еліміздің жалпыұлттық мүддесі тұрғысынан қайта жазудың аса маңыздылығы да осында.

Еркіндік тізгінін қолға алғалы қазақ елінің тарихы мен оның тарихи тұлғалары туралы біраз жазылғаны белгілі. Алайда олардың ішінде байсалды ғылыми талдауға негізделген зерттеулермен бірге тәуелсіздікке тасыған көңілдің шалқуын ғана байқатар шалағайларының да аралас жүргені жасырын дүние емес. Біз оларға тәуелсіз даму жолына түскен қоғамның өмірінде болмай қоймайтын заңдылық, алдағы уақытта түзелер іс тұрғысынан қараймыз. Осы тұста, Халықаралық «Жәдігер» қорының бірінші деректік мәні бар көне шығармаларды, тарихи деректерді, нақты құжаттарды шығара бастауы сол түзелуге бет алудағы алғашқы қадамның бірі деп білемін.

Осынау апайтөс алып даланы ежелден мекен етіп келе жатқан халқымыздың тарихи тамыры тым тереңнен тартылған. Оның өзіндік терең танымы, қалыптасқан халықтық салт-дәстүрі, өркендеген зор мәдениеті бар. Беймәлімі көп көне ғасырлар қойнауына үңілмей-ақ бергі, тарихқа танымал Түрік қағанаты заманынан түйдегімен жеткен тарихи-мәдени жәдігерлердің үлкен шоғырының өзі-



ақ әлем алдындағы түрік өркениетін айғақтар төлқұжаты іспеттес. Жүсіп Баласағунидің «Құтты білігі», Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігі», Қожа Ахмет Йассаuidің «Даналық кітабы», Ахмет Йүгінекидiң «Ақиқат сыйы» секiлдi ұлы шығармалары, әлемнiң екiншi ұстазы атанған Әбунасыр Фарабидiң бұған дейiн бiршама игерiлген ғажайып мұралары тұғырлы тарихтың, ұлы мәдениеттiң, мол бiлiктiң мәңгiлiк мәуесiндеi. Өз басым осы дүниелердi парақтай қарап отырып, осыларды жазған ғұламалардың ойының айқындығына, сөздерiнiң орнықты да сенiмдi шығатынына, жалпы жұртқа ұғынықты қарапайымдылығына таңданамын. Ұлылық деген, бiлiм кеңдiгi деген осы-ау деп ойға кетемiн. Бұлар — ұлағатты үлкен мәдениеттiң, терең тарихи танымның мектебi. Халқымыздың рухани жаңғыруы осындай ғылыми, көркем ой-санамыздың шығу тегiн танудан басталуы тиiс. Көнениң көзiндеi болып жеткен осындай асыл қазыналар халық игiлiгiне жаратылып, жаңа заманның адамдарын тәрбиелеуге қызмет етуi қажет.

Үлкен тарихы бар елге — үлкен мәдениет, биік таным, терең бiлiм керек. Осы бағыттағы «Жәдiгердiң» жаңа қадамына зор табыс тiлеймiн!

Қазақстан  
Республикасының  
Президенті

Н. Назарбаев

Н. НАЗАРБАЕВ

**МАХМҰТ ҚАШҚАРИ**  
**«ДИУАНИ ЛУҒАТ-ИТ-ТҮРК»**  
**(XI ғ.)**

Махмұт Қашқари түрік жұрты, түрік ұлысы жөнінде былай деп сөз қалдырыпты:

«Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді өзіз қылды әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады.

Шайх Әбубәкірдің ақырзаман турасында жазған бір кітабында ұлы пайғамбарымыздан нақыл келтіріп, мынадай хадисті баян етеді: «Ұлытәңірі: Менің бір тайпа қосыным бар, оларды «түрік» деп атадым, оларды күншығысқа орналастырдым. Бір ұлысқа ашуланып, назалансам түріктерді соларға қарсы саламын» депті.

Сондықтан да Тәңірдің өзі оларға ат берген, жер жүзінің ең биік, ыңғайлы, ең әуесі таза шұрайлы өлкелеріне орналастырған да, оларды «Өз қосыным» деп санаған. Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік, тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие.»

Өз заманында айтылған сөздердегі ғалымның еліне деген ерекше ықыласы көрініп тұр. Екінші жағынан қазірде қырықтан астам ұлыс-ұлттардың тегін білдеретін «түрік елі», «түрік жері» ұғымының дүние тарихында өзіндік орны бар екендігі күмәнсіз әрі айдан анық тарихи ақиқат.

Тағы да сол түрік жұртының тілі жөнінде ғұлама тілші ғалым Махмұт Қашқари былай деп білдіріпті:

«Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты да парызды іске айналды. Өз дертін айту уа түріктерге



жақын болу үшін оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан безіп, түріктерге мұңайып келсе, түріктер оларды қанатының астына алып, қауіптен құтқарады; олармен бірге басқалар да қамқорлық пана табады.

... Пайғамбарымыз қиянат белгілері, ақырзаман бітінелары мен оғыз түріктерінің жорыққа шыққандығы туралы айтқанда «Түрік тілін үйреніңіздер, сонда олардың егелігі ұзақ, ғұмырлы болмақ!» — деген екен.

Бұл хадистің дұрыс-бұрыстығына сол айтушы кісілердің өздері жауапкер. Бұл шын болса, түрік тілін үйренген абзал, білген жөн, шын болмаған жағдайда, түрік тілін үйренудің зияндылығын ақыл парықтар.

... Ең ашық-айқын әрі тура да түзу тіл — тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс-келіс жасамайтын кісілердің тілдері.»

• Түрік елі мен түрік тілі туралы осындай ой айтқан Махмұт Қашқари өзі жайында:

«Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым.

Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «Диуани лұғат-ит-түрк — Түрік тілдерінің диуаны» деген ат бердім.» — деп баян етеді...

Жалпы, түрік жұртының бір тарихи кезеңін Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері жеткізсе, сол ескерткіштерге қашалған сөздердегі «Түрік» ұғымы атаулыға қастерлей қарау дәстүрі, байқап отырсыздар, осы еңбекте де айқын. Ал Өнгін ескерткіштеріндегі «(3) Батыр ерлерін балбал етіп қойды. Түрік халқы аты жоғала бастаған еді. «Түрік халқы құрымасын, құрбан болмасын!» — деп үстіндегі Тәңірі айтқан еді.» — дегендегі Тәңірдің аузынан айтылған сөздің рухы да Махмұт Қашқари ниетіне өте-мөте жақын.

Тәңірдің сөзін ортаға ала сөйлеу...

XI ғасыр табалдырығында тұрып зерттеуші тілші түрік тілі мен елі туралы хәм өзі туралы осындай тұжырымдар айтқан.

Айқын, нақты, түйінді ой. «Түрік сөздігінің» мақсаты мен маңызын осы сөздердің өзі-ақ жақсы түсіндіріп берген.

Күлтегін, Тонькөк, Өнгүн жазуларында да, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари еңбектерінде де өзекті бір рухани желі бар. Ол — Түрік елі, түрік өркениаты. Руна жазуларында елді сақтау, мемлекетті түзу, кеңейту, нәсілдің құрып кетпеуі қысқа, нақты ой түйіндерімен жетсе, кейінгі XI ғасырдағы әйгілі жазбаларда сол рухты ұстанып әрі қарай гүлдену мақсатын өнер мен ғылым тілінде толғайды. Кейінгі шығармаларда елдік дәстүр, халықтық рух, өнер-білім, білік мұраттары айқындала түскен.

Барша түрік әулетіндегі халықтардың қатарында қазақ елінің де мәдениетіне, тіліне, өнеріне тікелей қатысты ұлы ескерткіштердің ішінде осы «Түрік тілдері жинағының» үш томдығы да ерекше шоқтықты биігінде бағаланады. Жүсіп Баласағұнның атақты «Құтадғу білік» дастаны хижра бойынша 462-жылы жазылса, Махмұт Қашқарлы бұл үш жинаққа топтастырылған, сегіз кітаптан тұратын тілтану жайлы еңбегін хижра бойынша 464 жылы бастап 466 жылы аяқтап шыққан. Екі білге де бұл тарихи деректерді аталмыш еңбектерінің қолжазбасында жазып, көрсетіп кеткен. Арасында небары 4 жылдай ғана уақыт айырмасы бар. Әрі екеуінің өмір сүрген дәуірі мен жері де, білім түзіп, ғылым сүзген топырақтары да бір. Бір өркениаттың, бір мәдениеттің өзгеше дәуірлеу тұсының мәңгілік бәйтеректері. Басқа да ежелгі түрік ескерткіштерінің ішінде жазылу мәдениеті, поэзия мен ғылыми-зерттеу еңбектеріне тән ерекшеліктердің аса айқын, маңызды әрі кемел сипатта көрініс табуының өзі-ақ «Құдатғу білік» пен «Түрік тілдерінің жинағы» байтақ Туран даласындағы қоғамдық ойдың, көркемдік-эстетикалық танымның қаншалықты таңқаларлық жоғары дәрежеде толысқанының тарихи құжатына айналған. Бірі — аса шебер толғанған философиялық-дидактикалық дастан, екіншісі - бүкіл түрік тілдеріне ортақ Тілтану энциклопедиясы. Түрік тілдес халықтардың қай-қайсысының да ұлттық тіл біліміне кіріспе қадамдары ежелгі руна жазуларымен қатар, арнайы ғылыми сипаты қанық осынау үш томдық «Диауани лұғат-ит-түрк» еңбегінен басталуы тиіс.

Философиялық әрі поэтикалық трактат пен тіл білімін түзген осынау ұлы зерттеудің биігінен қарағанда күллі түрік мәдениетінің көкжиегі әлемдік деңгейде кеңейіп, тынысы ашылып аруақтанып кетеді. Осыған дейінгі ұлан-ғайыр даму белестері бедерленіп көрініп, шоқтықтана түседі.

Махмұт Қашқаридың толық аты-тегі: Махмұт Құсайын ұлы, бабасы Мұхаммед. Ата-бабасы Барсғанда туған. Яғни ата-тегінің шыққан жері, өзінің өсіп-өнген жері осы көне түрік шахарларының аумағы. Баласағұн. Барсған жері. Өзі де осы құнарлы Талас, Шу топырағында, Барсхан қаласында дү-ниеге келген. Өз басым Махмұд Қашқари өзінің картасын жасағанда нақ ортасында дүниенің кіндігіндей етіп Барсғанды көрсетуі тегін емес деп се-зінемін. Ғалымның өзі де Барсған жөнінде толық мәлімет келтірген: «Барс-ған — Афрасиаб ұлының есімі. Барсған қаласын сол салдырған...»\* деп бастап, тиянақтап түсіндіреді. Жері шүйгін, ауасы таза, жақсы жер екендігін, сол жерде жылқы баққандығы, кейін оның есімімен Барсған аталғандығын түсіндіре кетеді. Сонымен бірге, сөздігінде осы аймақтағы бірнеше ауыл, жайлаулардың атауы кездескенде «біздің жайлау», «біздің жер» деп қосымша мағлұмат білдіріп отырады. Сондықтан, әртүрлі пікір-болжамдар болғанымен, Махмұт Қашқаридың туған, өскен жері турасында күмән, күңгірттік болмаса керек.

Ал, ғұлама ғалымның туған-қайтыс болған жылдары белгісіз. Ол жөнінде кітапта да дерек кездеспейді, басқа зерттеулер мен сол тұстағы жазбаларда да ештеңе демейді. Қолжазбада Махмұд Қашқаридың бұл еңбекті қай жылдарда не үшін бастағанын, не үшін жазғанын һәм қай жылы, қай күні тәмамдағанын түсіріп кеткен мерзімге қарап шамалауға болады. Сондай-ақ кейінгі, бертінгі түпнұсқаны көшіріп сақтап, таратушылар қай жылдары көшіріп жазғандарын білдіріп отырған.

Кітаптың өз мәтініндегі деректер бойынша хыжра бойынша 464 жыл мен 466 жыл аралығына төрт рет редакцияланып, түзетіліп жазылып шыққан екен. Әрине, осыншама ұлы еңбекті жазуға Махмұт Қашқари білге талай жылдарын сарп еткені анық. Бүкіл түрік жерлері мен тайпаларын тегіс аралау, тіл ерекшеліктерін салыстыра талдап саралау, әр ру-тайпаның тіл байлығы мен тіл құнарына ден қойып зерделеу үстіне айтылу, жазылу заңдылықтарына дейін жетеге жеткізе зерттеу, тіршіліктегі, тұрмыстағы қолдану аясына байланысты өміршеңдік жағын қарастырған қағидалар шығару-ғұлама ғалымның ғұмырлық мұраты болғанға ұқсайды. Егер «Құтадғу білік» («Құтты білік») дастанын жазған кезде Жүсіп Қас Хажыб Баласағұн 51 жас (А. Ділашар), 54 жас (Р. Р. Арат) шамасында деп сенімді түрде түйіндесек, Махмұт Қашқариға келгенде, жас шамасын айқындау біраз қиындықтарға

\* «Диуани лугат-ит-турк». Факсимиле. III том, 625-бет.

түседі. Жүсіп Қас Хажыб дастанында өзінің жас шамасына қатысты, шығарманың жазылу мерзіміне қарай (он сегіз айда жазған) там-тұмдап болса да деректер ұшқыны бар. Ал Махмұт Қашқари өзінің ең бір қызыл тілді шешен, батыл, өжет, найзагер екендігін айтады. Әрі араб, парсы және түрік мәдениетіндегі, олардың қоғамдық-эстетикалық дамуындағы ағым үрдістерді еркін ажыратып, салыстырып отырады. Әрине, ел-жұрт ішінде танылып, белгілі болмаған, мойындалмаған болса, Махмұт сияқты ұлы хәкімдер құр мақтанға бармас еді. Демек, осы сегіз кітаптан тұратын еңбегін жазуға кіріскенде ғалым кемеліне келіп, ел ағасы боларлық жасқа жеткен кезі деп шамалауға болар еді. Еңбек біздің жыл санауымызша 1072 не 1078 жылдарда жазылған деп жобаланып келсе, оны жазған хәкім елулерге кең-мол қадам басқан адам. Әйтсе де, 1029—1038 жылдар аралығында туған (О. Прицак) деген болжам бар.

Ғалымның тегі, елі жөнінде де түрлі болжамдар, қайшылықты пікірлер жеткілікті. Оның қайсыбір кереғар бағыттары көзі ашық, құлағы түрік оқырмандарға мағлұм. Кереметтей еңбек тындырып, тарихи маңызы терең зерт-теулер жазған, аудармалар жасаған ғалым-хәкімдеріміздің осындай «нәзік» тұстарда тарихи ұлы тұлғаларды жанына жақын санап, іштартқан ниеттерін, адамға тән таза да бейкүнә ұлағатқа құштарлық сезімінен туған ықыласты болжамдарын бұл жерде олай-былай еді деп жіктеп-жіліктеп жатудың реті жоқ. Бұрынғыдай емес, қазір бүлінген түрік дүниесі қайтадан тұтастыққа бейіл бұрған кезде ондай пікірталасының ғылыми да, әлеуметтік те дәрежесі қатардағы ғана әңгіме. «Түрік сөздігінің» өзі ісі түрік тақырыбын мұрат еткендіктен, ондай ұлы тұлғаның да ежелгі тұғыры — тұтас түрік өлемі. Ал тегімізге тән дәстүрмен ой жүгіртер болсақ, кітаптың мазмұн-сипатына, автордың өмірі мен қызметіне, ой-ниетіне қатысты деректер мен болжамдарды шолғанда, оғыз-қыпшақ ортасынан шыққан, Туран жұртының ұрпағы. Әрі ғалым, аяулы ақсақал Әмір Нәджіб өзінің «Исследования по истории тюркских языков XI—XIV вв.» деген еңбегінде: «Оның Қашқари деген лақап аты Қашғарда дәріс алып, сонда тұрғандығын ғана аңғартады. Автордың өзінің сөзі бойынша, ол ортаазиялық әскери қолбасшы, белгілі отбасынан, оғыз ортасынан шыққан. Ол жайында өзі «Біздің бек бабамыз «әмір» деген сөзді «хамир» деп атайды. Себебі, оғыздардың «әмір» деген сөзді айтуға тілі келмейді. Сондықтан олар міндетті түрде «хамир» деп айтады.»— деп жазған.

Махмұт Қашқари Самани әулетінен Орта Азияны тартып алған бектің есімі Хамир Темір екендігін білдерген. Осындай тұжырымдар автордың оғыз тайпаларының бірінен шығуы мүмкін екендігін меңзейді», — дейді. Ал, Әмір Нәджіб ақсақал білікті түріктанушылардың көшбасындағы ғалым.

«Диуани лұғат-ит-түрк» кітабының бізге жалғыз қолжазбасы жеткен. Ол Түркияның Стамбол кітапханасында сақтаулы тұр. Кезінде Бағдаттағы халифат кітапханасында сақталып, кейін әртүрлі жағдайда көшіріліп, жер-жерге таралған. Түркиядағы қолжазбаны көшіруші сабалық, кейін Шамда тұрған Мұхаммед ибн Әбубәкір Әбл Фатих Махмұт Қашқаридың өз қолымен жазған түпкі нұсқасынан тікелей көшірілгенін куәландырып, хаттаған. «Бұл кітапты түпнұсқадан көшіріп болған күн 644 жылғы шәууәлінің 27 күнгі базар еді» деп жазған, осы кітаптың соңында. Соған қарағанда бұл қолжазба нұсқа «Диуани лұғат-ит-түрік» жазылғаннан кейін 180 жылдан соң көшірілген. Біздің жыл қайыруымызда 1266 жылғы 1-тамыз, Броккельман тұжырымы бойынша 2-тамызда, көшіріліп біткен.

Кезінде «Түрік сөздігі» («Диуани лұғат-ит-түрік») көптеген зерттеу еңбектердің жазылуына негіз болды. Көптеген ғалымдар Махмұт Қашқари еңбегі туралы құнды пікірлер айтып, жоғары бағалады, тіл біліміне қатысты соны жаңалықтар ашты. Мысыр, неміс, венгр, түрік, орыс ғұламалары қызыға зерттеген. Насихаттаған. Әйгілі мысырлық тарихшы Бәдреддин Махмұт ибн Ахмет ибн Мұса (хижра бойынша 758 жылы өлген) «Замана ақыл-ойының ақық-інжулері» деген еңбегінде түрік жұртының ру-тайпалары, таңбалық белгілері, тілі мен тұрмысы туралы тұжырымды, тиянақты да ықшам мағлұматтарды Махмұт Қашқаридың кітабынан оқығанын жазған. Бірқатар ежелгі Шығыс дүниесінің ғалымдары Махмұт Қашқари еңбегіне сүйенгендерін айтып, пікір білдіріп, сілтеме жасап отырған.

Махмұт Қашқаридың тілдерді салыстырмалы түрде зерттеу тәсілі бүкіл араб, шығыс тілшілеріне ортақ зерттеу тәсілі ретінде, өзінше бір мектеп болып қалыптасты десе де болады. Арабтың мәшхүр тілтанушы ғалымы Жамаладдин ибн Мұхан түрік данасы. Махмұт Қашқариды өзімнің ұстазым деп атаған.

Стамболда сақтаулы тұрған осы жалғыз дана қолжазба тарихы да бір аңыз. Оны 1914 жылы түрік ғалымы Әли Әмір мұқтаждықпен сатып тұрған адамнан кітап жаймасынан сатып алады. Содан кейін Рифат білге баспаға әзірлейді. Жариялатады.

Неміс ғалымы К. Броккельман «Диуани лұғат-ит-түріктің» табанды зерттеушісі ретінде танылды. 1919 жылдан бастап зерттеу мақалаларын жазып,

жүйелі зерделеді. Ал, 1928 жылы жинақтың неміс әліпбиінің ретімен түзілген немісше индекс сөздігін жариялады.

Махмұт Қашқаридың ұлы қызметі мен еңбегінің жемісін танып, бағалап, болашақ ұрпақ игілігіне айналдырудағы түрік ғалымы Басым Аталайдың талантты да ыждахатты еңбегі күллі түріктану ісіндегі ғажайып зор әрі зей-нетті ғылыми іс болды. (Бұл жерде, Б. Аталайға дейін Рифат білге, тағы басқа бірнеше зерттеушілер аударған. Бірақ олардың ғылыми нәтижелері қауымға кеңінен мәлім бола қоймаған сияқты). Басым Аталай көп зерделеп ізденіп, өлмейтін, түрік тарихымен бірге жасай беретін ғұмырлық қызмет сіңірді. «Диуани лұғат-ит-түрік» кітабын Түркия түріктерінің қазіргі тілінде тәржімелеп, жүйелеп 1939 жыл мен 1941 жыл аралығында 3 томы мен индекс сөздігін жарыққа шығарды. Сонымен қатар, қолжазбасының факсимильді басылымын жүзеге асырды. Басым Аталай қолжазбадағы түсініксіз тұстарды парақтап, талдап түсіндіріп, өзіне дейінгі зерттеу жұмыстарын саралап зерделеп, К. Броккельман еңбегінде орын алған жаңсақтықтарды дәлелді түрде түзетіп, тиянақты ғылыми түсіндірмелер жасап кейінгі түрік танушы мамандарға аса пайдалы, халық тарихына да жарайтын академиялық іс тындырған.

Түрік танымына тән ерекшеліктерге, ел-жер аттары, этнологиялық таным-түсініктерге, этнографиялық, топонимдік ерекшеліктерге қатысты мұқият ғылыми жүйелілікке ұмтылды. Махмұт Қашқаридың «Диуани-лұғат-ит-түрік» кітабының ғылыми, тәжірибелік маңызын танытуға талантты да ғылыми дәйекті бағыт салды. Үш томдағы аудармаларда орын алған кемшіліктерді, жаңсақтықтарды индексті сөздігінде (4-том) түзетіп, тұжырымдады.

Басым Аталайдың ғылыми еңбегі, тұжырымдары кезінде Карл Броккельман, тағы басқа айтулы мамандар тарапынан қолдау тапты, жоғары бағаланды. Басым Аталайдың Түркия түріктері тіліне аударған аудармасы, талдаулары, түптеп келгенде ғылыми аударма. Сонысымен де, осы саладағы мамандар мен зерттеушілер ден қойып, бағыт етіп ұстанатын бірден бір басылым нұсқасы.

Батыс пен шығыс зиялыларының назарын біртіндеп аударып келген бұл ғылыми ескерткіш осы 1939—41 жылғы жарияланымнан кейін мүлде жаңа белеске көтеріліп, тынысы кеңейіп, екінші бір өмірін бастап кетті. Дүниежүзіндегі аса құнды энциклопедиялық асыл қазыналардың қатарына қосылды. Шындығында да, Брокгауз, Даль, Радлов секілді ұлы зерттеушілердің іргелі еңбектерінің қатарында адамзат баласының игілігіне айналды.

Түрік тектес халықтардың басқа тілдеріне аудару кезінде жоғарыдағы зерттеулер мен аудармалар, әсіресе Басым Аталай еңбегі басшылыққа алынып келеді.

Бұдан кейін 1960 жылдары Ташкентте үш томдығы өзбек тілінде араб және кирилица әліппесімен жарық көрді. Аударып, баспаға дайындаған Салық Муталлибов. Ол аударып, алғысөз, ғылыми түсініктерін жазған.

Ұйғыр халқының зиялылары ежелгі түрік жазбаларының қай-қайсысына да ізгі құштарлықпен қарап, іштартып отыратыны түсінуге болатын жақсы қасиет. Ұйғыр тіліндегі аудармасы Қытайда 1981 жылы жарық көрді, үш том. Онда ұйғыр аудармашылары Б. Аталай мен С. Муталлибов аудармаларына ғылыми сыни көзқараспен қарап, дұрыс тұстарын қолдап, қателіктерін түзете отырып, факсимильдік басылыммен қатар алдыңғы көш ретінде оларға да сүйенгендіктерін айтып, жазыпты. Мұндай сүйекті ірі дүниелерді игергенде ғылыми түрлі көзқарастардың болуы заңды. Біз барлық (түрік, өзбек, ұйғыр) аудармаларындағы ондай тұстарды аңғарып, салыстырып отырдық та, жеке-жеке ұлт өкілдерінің емес, тұтас түрік қауымы ғалымдарының түрлі көзқарастары, пікір-болжамдары деп қарадық. Сол дұрысырақ. Біз де өз еңбегімізде сол тұрғыдан, алдыңғы басылымдардың үрдісін құлабыз еттік.

Аталмыш еңбегінде Махмұт Қашқари түрік тайпаларының тілдерін тұңғыш рет салыстырмалы талдау тәсілімен жарыстыра түсіндіріп, араб тілінің заңдылықтарымен екшеп салмақтады.

«Мен бұл кітапты хикмат сөздер, сежілер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режез және несір (көркем қарасөз — А. Е.) секілді әдеби сөздермен безендіріп, мақсұс әліппесі ретімен түзіп шықтым. Үйренушілер мен қызығушылар керекті сөздерді тез, оңай табуы үшін көп жылдар бейнет шегіп, сөздерді орын-орындарына қойдым. Көмескілерін аштым, жарық еттім, қателерін жұмсарттым, түзеттім.

Ақыры, бұл тіл кітабын (сөздікті) мынадай сегіз бөлікке жіктедім», — деп, Махмұт Қашқари өзінің кіріспе бөлімінде арнайы түсіндірме жасаған. Мұнда да араб, парсы мәдениетін, әдебиетін жетік білетін білікті маманның ғылыми таным мәнері, айырықша айқын түсініктілікке ұмтылатыны көрінеді. Ол айту-ір сөздердің бәрін құлағынан тартып тізе бермей тек қолданылып жүргендерін алғандығын, қолданылмайтындарын қалдырғанын да негіздеп түсіндіреді. Кітапты оқитын адамдардың жалығып, зерікпеуін, әрі іздеген сөздерін қиналмай тауып алуына мүмкіндік жасауды ескерген. Ал жоғарыдағы сөзіндегі «сежі, режез» деген терминдер, түсініктер араб әдебиетінің теория-

сынан алған атаулар. Онда осы екі сөз белгілі бір жанрлардың белгілі бір даму кезеңіндегі ерекшелік сипаттарын білдіретін атаулары. Мәселен, сежі — араб өлеңінің ең ежелгі көне түрі. Бұған әуелінде арабтардың ішкі ырғаққа бай ұйқасты сөздерін де, қысқа хикаяларын да жатқызған. Ұйқасты қарасөз деп те, қарабайыр өлеңнің алғашқы көрінісі деп те айтылып жүр.

Жалпы араб өлеңі поэтикасының тарихында негізінен, өлең сөздің үйлесімді жалғасқан үш түрлік даму үлгісі аталады. Бұл қағиданы құптаушы ғалымдар көп. Режез — өлең түрі ретінде сежіден кейінгі кезеңде көп тараған, өзінің табиғаты, ішкі бітімі жағынан сежіден туындап, ілгерірек басып, күрделілене түскен өлең түзілімі. Оны қазіргі араб зерттеушілері «халық өлеңінің» үлгісі ретінде талдайды. Ал, үшінші қасыда, аруз өлең өлшемі араб поэзиясының ең кемеліне келе дамыған, кең тараған поэтикалық бітім үлгісі. Зерттеушілер сежі өлең үлгісінің V ғасырлардан көрініс беретіндігін, сондай-ақ тастағы шежіре жазулар, тарихи баяндар (мәселен, Табари (923 ж.) Йемен шахы Иасир Әнән Әл Химиаридың тасқа жазған жазбаларын, Ж. Әли Орталық Арабиядағы Иамамдағы құдыққа таяу тұстағы үш тасқа Йемен әскерлерінің шабуылынан кейін түсірілген жазулар жөнінде сипаттайды) оған дәлел бола алатындығын жазған. Сежі мәтіндері негізінен тарихи туындыларға іштартады. Кейін өртүрлі тақырыптарға жазылған. Пайғамбардың хадистерінде де сежі әуезі, үйлесімі кездесіп қалады. Сежінің Құранда кездесетінін бірқатар ғалымдар теріске шығарса, бірқатар зерттеушілер «Әр-рахман», «Әл-қамар» сүрелерінде сежі үлгілері бар дегенді дәлелдеуге тырысады. Осының бәрі қалай дегенде сежінің ең көне өлең үлгісі екендігін аңғартады. Ал, режез сөзінің түп-төркіні арабтардың өзіне де бұлдыр қалып келген. Араб тілшілері режездің шөккен түйе көтерілгендегі артқы тірсегінің дірілін білдіретін бір мағынасын көбірек ұстанады. Жалпы режездің көп қолданылатынына, әрі түрлі тақырыпқа бейімдігіне қарай «өлеңнің қара нары» атануы да тегін болмаса керек. Бертінірек режез түрлі ғылымның негізін қысқаша өлең жолдарымен түсіндіруге де қолданылғаны белгілі. (Өлеңмен жазылған трактат ...) Яғни, өлеңнің кең тараған, халық ұғымына жеңіл үлгісі. («Сежі араб өлеңінің көне үлгісі», «Режез — араб өлеңінің өтпелі түрі»)\*.

Махмұт Қашқари бұл терминдерді атап қана өтеді. Түсіндіріп уақыт, көлем ұтқызбайды. Онсыз да араб тілі заңдылықтарынан белгілі жәйт деп санаған сияқты. Сондай-ақ, түрік тілінде сөз араб тіліндегідей әйел, ер жынысына қарай (муж. род; жен род) ежіктелмейтіндігін айтқанда да, етістіктің

\* Д. В. Фролов. Классический арабский стих. М., «Наука». 1991, стр. 67—139.



жақтары мен жіктелуі хақында да араб грамматикасына салыстыра отырып қағидалар түзеді.

Махмұт Қашқари еңбегінде аталып қалған осы екі терминді түсіндіре талдаудағы мақсат: түрік жұртының тұңғыш тілші ғалымының сол кездің өзінде сөз өнері ғылымы саласында қаншалықты терең, байсалды зерттеулерге зерделеп барғандығын, ол терминдердің поэтика тарихындағы алатын айрықша зор орнын аңғарта кету.

Махмұт Қашқари бұл еңбегін сегіз кітапқа жіктеген. Алғашқы кітапты Тәңірінің жөнімен Әліптен бастадым дейді. Әліптен басталатын кітабын «Хамза кітабы» деп атаған. Екіншісі, «Сәлім кітабы», яғни құрамында «харфи илет» деп аталатын «әліп (а), уау (у), иай (й)» әріптері болмаған сөздер, әріп қайталанбаған сөздер; Үшінші Мұзоаф кітабы, яғни бір әрпі қайталанған сөздер кітабы; Төртіншісі, Мисал кітабы, яғни «харфи илеттің» бірінен басталған сөздер кітабы; Бесіншісі, үш әріпті кітап; Алтыншысы, төрт әріпті кітап; Жетіншісі, мұрын дыбысты әріптер кітабы, «ғұнналылар» деп аталады; Сегізіншісі, екі сүкүндікпен қатар келген сөздер кітабы.

Кітаптарда әуелі есімдерді, одан кейін етістіктерді түзіп отырады.

Былайша айтқанда, әр кітапта сөздер «Есімдер» мен «Етістіктер» деген екі үлкен бөлімге түзілген. Жалпы осы еңбегінде, қаншама араб әдебиетінің терминологиясын, кейбір зерттеу түзу тәртібін қолдандым десе де, салыстыра қарастырса да Махмұт Қашқаридың өз сөзімен айтсақ «Түрк тілінің араб тілімен бәйгеге шапқан екі аттай (үзеңгі қағыстырып) қатар шауып бара жатқанын» көрсетуге тырысқан. Ғұлама ғалымның таным, білік, талант қуаты қаншалықты тегеурінді, кемел болса, түрік мәдениетіне, күллі түрік тіліне деген перзенттік құрметтеу, әспеттеу сезімі соншалықты күшті.

Кітапта түрік тілінің түзілу, түрлену, жасалу жолдары тұжырымды, кідіксіз түсіндіріледі. Түрік әліппесінің ерекшелігі де талданған. Түрік тілінде негізгі 18 әріп бар екендігін, оның сыртында екінші ретте тұратын тағы 7 әріп бар екендігін, оларсыз түрік сөзінің құрылмайтынын да, жазылмайтынын да бажайлай баяндайды. Үндестік заңы, үндестік заңына сәйкес қосымшалардың, жалғаулықтардың үндесуіне қатысты қағидалар түзеді. Көне түрік әліппесінің кескіндерін түсіріп көрсетеді. Ал, көне түрік әліппесінің, руна жазуларының, олардың әріптерінің көне грек әліппесімен ұқсас тұстарын, ал жалпы көне түрік әріптерінің қазақ ру таңбаларымен сағымдай шарпысып қалатынын ескерсек, Махмұт Қашқари кітабында келтірілген әріптер мен картаның ғылыми қарымы күшейе түседі. Жалпы түрік тіліне ортақ заңдылықтарды тіл білімінің өзекті күретамыр шарттары ретінде түзіп, қорытындылай-

ды. Сол заңдылықтардың барлығы дерлік қазақ тіліне де етене жақын, сабақтасып, үндесіп түсіп отырады. Сөздердің этимологиялық тектестігінен бастап, түрленіп, жасалу, түзілу тәртіптеріне дейін егіздің сыңарындай ұқсас. Бұл жерде жекелеген түбі бір сөздерді, ұқсас сөздерді тізбелеп жатудың да реті жоқ. Екі сөздің бірі қазіргі қазақ тілінің сөзі. Мақал, мәтел, қанатты сөз, нақыл сөздер де жанға жақын, санаға таныс. Дүниетаным түзілімдері мен әлеуметтік-қоғамдық көзқарас өзегіндегі тектестікті де аңғарту қиынға түспейді. Бұл негізінен түрік жұртының бүкіл даму тарихында түзілген, қалыптасқан дүниетаным әлемі. Сөз әлемі.

Түрік жұртының бай тарихы, географиялық жағдайы, әдебиеті мен өнері, этнологиялық ерекшеліктері «Түрік сөздігінде» барынша нақты тарихи-деректілік сипатпен танылған. Яғни, тіл туралы еңбек болумен бірге түрік әлемінің бай рухани қазынасын, кенеулі жан-дүние кеңістігін бәз күйінде алға тартады...

Түрік жерінің аумағы, онда мекендеген ұлт-ұлыстардың сипаты, тарихы, соған қатысты тарихи деректер мен аңыз әпсаналар, бірқатар тайпалардың түрік жеріне келуі мен қоныстануы, олардың шежірелері көзі ашылмай келген тарихи көмбе. Кітаптағы осыған қатысты деректердің құндылығында шек жоқ.

Ал, Махмұт Қашқаридың дөңгелек картасы әлемнің ең ежелгі түрік картасы ретінде белгілі\*. Осы картада Барсған, Баласағұн, Тараз, Екіөгіз, Қаш-қардан бастап түрік дүниесінің ежелгі шаһарлары, елді мекендері, жер бедері түгелдей дерлік қағаз бетіне түскен. Әрі сол X—XI ғасырлардағы атауларымен жазылған. Махмұт Қашқари осы картаны назарға ұсынып, сипаттаумен қатар Рұм жерінен сонау ұлы мұхитқа дейінгі аралықтағы түрік тайпаларының барлығына сипаттама беріп шығады. Әрі жер көлемін көрсетеді. Қай жерден қай жерге дейін мекендейтінін айтады. Әрі әр тайпаның тілдік ерекшеліктеріне тоқталады, тілді таза сақтаудың әлеуметтік, географиялық алғышарттарын сөз етеді. Осынау ең көне дәуірдегі түріктің әлемдік картасы, түрік дүниесі жөніндегі егжей-тегжейлі сипаттама, талдаулар ғалымның өлмес мұрасының басты бір қасиеті. Түрік ұлдарының тұмары іспеттес. Түрік елінің әр шаңырағында сақталар, төрінде тұтар, санасына сіңіретін қасиетті атамекен суреті. Шұғылалы түрік жерінің үкілі ескерткіші.

\* Умняков И. И. Самая старая турецкая карта мира. Труды Самаркандского Гос. пед. института им. А. М. Горького, т. 1, вып.1, Самарканд, 1940, стр 103-131.

Түрік жерінде тіршілік етіп жатқан ұлыстардың, ел-жұрттың тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына қатысты деректер де мол кездеседі. Сөйтіп, тарихи құнарымен, бәз күйінде танып-білуге мүмкіндік береді.

Бұл орайда, Махмұт Қашқари еңбегін түрік жұртының тұңғыш энциклопедиялық анықтамалығы деген дұрысырақ.

Түрік елінің құрал-жабдықтары, қару-жарақ, сауыт саймандары жайлы да, ас-ауқаты, алуан қырлы дәм тағамдарының кейбірінің пайда болуы, кейбірін әзірлеу әдістері туралы да, толып жатқан дәрі-дәрмектер жөнінде де қазіргі замандастарымыз біле бермейтін, бай деректер әрі таң қалдырады, әрі ежелгі өркениаттың қасиетті топырағына тәнті етеді. Мәселен, ыстық күндерде салқындау, шөлді басу үшін жейтін әрі балмұздақ, әрі тағам күріштен әзірленетін ерекше дәм кім-кімді де елең еткізеді. Әзірлеу әдісі де қарапайым дәмнің гео-этникалық ерекшелігі де айқын. Болмаса түрік шараптарын ашыту тәсілдері.

Түрлі дәрілердің өсімдіктен, жан-жануарлар өнімдерінен әзірленетіні.

Егер, көне түрік ескерткіштеріндегі әртүрлі кеселдерді емдеу үшін, адам ағзасын тоздырмау үшін, тағы басқа түрлі мақсаттарға арналған дәрі-дәрмек, шипалы қоспаларды жасау жолдарын, тәсілдерін (рецептерді) бөлек жинақтап, басын қосса түрік медицинасының табығатын ашатын өзінше бір ғылыми еңбек шығар еді. Ас-су, тағамға қатысты да осындай жайлар жеткілікті.

Қалың қолы жорықта арып-ашып талып-шаршағанда, ашыққанда Ескендір Зұлқарнайын ойлап тапқан әрі нәрлі, әрі ұзақ сақталатын, ұзақ жорық жағдайында қолайлы «Тұтмаш» (мағыналық атауы: «Тұтма аш — аш ұстама» сөзінен шыққан) тағамы туралы баян да қызғылықты. Тибет жұртының (түбіт жұртының) тарихы, Ескендір Зұлқарнайын салдырған қалалар тарихы, өзен-сулардың, қала-қыстақтардың тарихы қалың жұртшылыққа атамекеніміздің ежелгі дүниесін, мәдени даму жолдарын шынайы дерек, мағлұматтар арқылы таныстыратын соны да бағалы түйіндер.

Түрік сахарасының жан-жануарлар дүниесі мен өсімдіктері туралы да бұрын-соңды көпшілікке жете таныс бола қоймаған деректер жеткілікті. Хайуанаттар мен мақлұқаттардың біразының ежелгі атауларына, өсімдіктердің, шөп, ағаштардың, жемістердің атауларына, табиғи жаратылыс ерекшеліктеріне, қандай жерлерде қандай жағдайларда өсетініне қаныға түсеміз. Ғұлама олардың барлығының атауларына, неге олай аталғандығына, басқа жерлерде өссе, ол жақта қалай аталатынына, реті келсе араб тіліндегі аталуына тоқталып, табиғи жаратылысына, қолданылу аясына түсінік береді. Пайдалы.

пайдасыздығын баяндайды. Жеуге, емге, тұрмыстың басқа шарттарына жарамды болса, пайдалану жолдарын айтады.

Тарихи тұлғалар жайлы аңыздар, шағын-шағын өлең, жырлар өзінше бір поэтикалық ғалам десе де болар. Табиғат, жаратылыс сипаттарын толғаған жыр шумақтары да түрік жұртының топырағынан тән тосын да бірегей құбылыстарын мәңгілік есте қаларлықтай санаға сіңіре түседі. «Түрік сөздігінде» 242 шумақ өлең, жыр, 200 -ден астам даналық сөз бен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болса, солардың барлығы да белгілі бір мағынаны, ордалы ойды, тебіреністі толғамды білдіріп тұрады. Ол жырларда негізінен жат жұрттықтармен соғыстар, ел ішіндегі рулық, тайпалық қақтығыстар, тарихи адамдардың ерліктері, қахармандық, ақлиқат, тағдыр, тіршілік туралы ой толғамдар, табиғат суреттері, адамның әртүрлі көңіл-күй сезімдері толғанады. Ал, мақал-мәтел, даналық сөздер, қанатты сөздер — халықтың, елдің рухани тарихи тәжірибесінің түйінді мәуелері. Олар көркемдік-эстетикалық таным өрнектері болумен бірге, тарихи дерек те. Ұлттық тарихи-мәдени мұраның өлмейтін өркені, өшпейтін тынысы, жоғалмайтын қазынасы. Бұл өзі ішінара кәдімгідей флора мен фауна, жаратылыстану саласындағы бірқатар жайларды дәл де жете түсіндіріп беретін ғылыми анықтамалық сөздік қызметін де атқара алады.

Көптеген тайпа, ұлыстардың тіл ерекшелігін саралап, түрік тілінің бітімін ежіктей түседі. Бірқатар қаламгерлердің, ғұламалардың, тарихи адамдардың аттары мен өмірбаяндық деректеріне қанығамыз. Әйгілі ұлы тұлға Ескендір Зұлқарнайын туралы соны деректер бар. Зұлқарнайын есімі Құранда үш жерде аталады. Құранның 18-Кеһф сүресінде. Онда былай әңгімеленген. «Олар сенен Зұлқарнайынды сұрайды: «Сендерге оның жайын түсіндірейін» де. (Бұл Зұлқарнайын «екі мүйізді» деген ұғымда. Екі тұлымы немесе тажында екі мүйізі болғандықтан атанған. Аты Ескендір, пайғамбар емес. Батыс, Шығысты кезген; Рүм, Фарсы деген тағы басқа рауаяттар бар.)

Негізінде Зұлқарнайынды жер жүзінде күшке ие қылдық. Өзіне өр істе қолайлық бердік. О да бір шара қолданды. Тіпті күн бататын жерге жеткен сәтте, оны қара балшықты бұлаққа батқан түрде көрді. Сондай-ақ, сол маңнан бір ел тапты. «Әй, Зұлқарнайын, не (ол елді) азаптарсың, немесе оларға жақсылық істерсің» дедік. (Құран Кәрім, 18-Кеһф сүресі, 303-бет.) Одан әрі Зұлқарнайынның Шығысқа барғаны, күн астындағы елге жеткені, одан екі таудың арасына жеткенде сөзді түсіне алмайтын елге кездескенін айтады. Темір қорған, қақпа құйғанын әңгімелейді. Ал, Құранда айтылатын осы оқиғаның бір ұшығы Махмұт Қашқарлының «Түрік сөздігінде» ұшырасады. Мах-

мұт Қашқарлы Зұлқарнайынның түрік даласына, Шынға қарай жорығына қатысты бірнеше тарихи аңыз, әңгімені кірістіреді. Алтынқан оқиғасы, Тұт-маш деген тағамды ойлап табуы, ұйғыр атауына қатысты ойлары тікелей Ескендір Зұлқарнайын есіміне байланысты дәлелденеді. Түрік даласында Зұлқарнайын сел жауынға ұшырап, жүре алмай қалады, «Бұл неткен батпақ!»— деп кеиді. Сол жер де, ел де солай аталып кетеді. Төрт-бес қала салдырады. «Шігіл» сөзін түсіндіргенде де Махмұт Қашқари бұл турасында: «Тараз жағындағы шахарда тұратындар Шігіл деп аталады. Зұлқарнайын арғулар шахарына жеткенде қатты жаңбыр жауып, батпақ, лайсаң болып Ескендір жүре алмай қалған. «Бұл қандай батпақ, лайсаң» деп қиналыпты. (Арабша «Ин чи гил аст» деген сөз екен.) Сол жерге қонады. Сол жердегі түріктер содан бері шігіл аталып кетіпті. Жайхұннан Шынға дейінгі түріктердің бәрі Шігіл аталған» — деп жазады. Жаңағы Құран сүресінде айтылатын «балшықты бұлаққа батты» деген дерек осы Махмұт Қашқари хикаясына үйлеседі. Бұл дәл де нақты тарихи оқиғалар. Жалпы Махмұт Қашқари Құраннан мысалдар келтіріп, Пайғамбар хадистерін түсіндіріп, ойын нықтап отырады. Кей тұста Құранды қалай оқу керектігін, кейбір қараңғы адамдар түсінбей қалып күнәһар болмауы үшін дұрыстап, сабырмен, жатық оқитын тұстар бар екендігін де түсіндіреді.

Өзен, су, жер аттарына қатысты құнды мағлұматтар қаншама. Еділ, Іле, Ертіс секілді ұлы өзендер, олардың бойындағы тіршілік, тұрмыс сымбаты, тайпалардың өзгешеліктері қысқа да тұжырымды хатталған. Егер, ғылыми стиль, ғылым тілі дегенді ойласақ, бұдан ұғынықты, бұдан айқын мәнер болмайтын шығар. Шеберлік деген осы. Тіл шеберлігі, көркемдігі туралы өзі де ойларын айта отырады. Мәселен, ең жеңіл тіл ретінде оғыздардың тілін атаса, иағмалар мен тохсалардың, Іле, Ертіс, Иамар, Еділ бойындағы жұрт пен ұйғыр атырабына дейінгі аймақта тұратын тайпалардың тілі ең дұрыс тіл деп кесімді тұжырым түйеді.

Ертісті Иемек даласындағы ірі өзеннің атауы дейді. Ертістің бірнеше тармағы бар екендігін, өзі үлкен көлге құятынын әңгімелейді. Ертіс өзенінің аталуы жөнінде де қызық бір мағлұмат бере кетеді. Бұл осы үлкен өзеннен кім бәсекелесіп, жарысып, тез жүзіп өтер екен деген мәнді білдіретін, «ертіс» сөзінен шыққан атау екен. Тараз, Ташкент, Баласағұн, Самарқанд, тағы басқа біраз қалалардың, ауылдардың аттарына талдау жасалады. «Кенд» сөзіне кесімді анықтама береді.

Евразияның ұлан-байтақ кеңістігін ен жайлаған түрік тайпаларының жеті мың бес жүзден астам әртүрлі сөздері жинақталған «Түрік сөздерінің кіта-

бы» ұрпақтан ұрпаққа ауысқан сайын тарихи маңызы айқындала түсетін, кәдірі арта түсетін халықтық мұра, қасиетті кітап. Соншама сөздердің қай-қайсысы да белгілі бір тарихи мәнге ие, белгілі бір өркениет мәуесі. Бір сөздің этимологиясынан-ақ, даму, түрлену тарихынан-ақ көп жағдаяттарды аңғаруға әбден болады. Олар оқыған адамға маңызды мағлұмат берудің үстіне, мәдениет, салт-сана, таным тарихынан хабардар етіп, ежелгі түп-тегімізді түйсіндіріп отыратын алтын дән іспеттес. Тарихтың даму үрдісінде, қырық қатпарлы құбылыстарында кен көзіндей байып, қордалана түскен бірегей қасиеттердің түйінді бөлшегі. Рухани қазна өзегі. Мәдениетіміздің, тіліміздің, әдебиет пен өнеріміздің, қала берді ұлт, ұлыс ретіндегі толысу жолдарымыздың бедерлі белгілері, тума қасиеттері сол алтын өзекте тұнып тұр. Бұл жерде Махмұт Қашқарлының ел ішінде қолданылып жүрген сөздерді ғана алдым, қолданылмайтындарын (яғни, архаизмдер) тастадым, түрік тайпаларына тән сөздерді ғана жинақтадым, бөтен сөздерді қоспадым деген түсіндірмелерін еске саламыз. Бөтен сөз мүлде кездеспейді десек қателеспейміз. Кейбір адам аттары мен ел, жер атаулары ілеуде біреу көрініп қалса, ол қай елдің тіліндегі сөз екендігі, қайдан шыққандығы баяндалады. Демек, сөздікте қоспасыз, таза түрік елдерінің тіліндегі сөздер жинақталған деген тұжырым. Жоғарыда анықтап айтқанымыздай, топонимика мен этнонимдер, тарихи есімдер мен тарихи тұлғалар, оқиғалар, ежелгі өлең жырлардың текстологиялық қыр-сырлары, жалпы түрік тілінің тарихы мен этимологиясының ерекшеліктері, диалектологиялық заңдылықтары, морфологиялық, фонетикалық, грамматикалық сипаттары, тағы басқа маңызды мәселелер осы үш томдық энциклопедиялық еңбекте толымды көрінген.

Мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің, сонымен қатар, тұрақты тіркестердің сонау IX—XI ғасырлардан бүгінге дейін жалғасқан тарихи жолы — сайрап жатыр. Оларды өлі де зерделеп, жүйелі түрде зерттеу қазақ тілінің, жалпы түрік тілінің бай мазмұн өрнектерін, мағына құнарын аша түсетіні күмәнсіз.

Басқа да ежелгі түрік мәдени ескерткіштерінде кездесетін сөздер, ұғымдар, тарихи атаулар, толып жатқан тілідік диалектілерден туындайтын сөздердің мағыналық рендері нақты талданып, түрік дүниесінің ежелгі дәуірлердегі тілі мен мәдениетіне, өркениет өрісіне тұтастық сипат дарытады. Туран даласындағы заманындағы тұтас бір өркениет тынысының айшықты кардиограммалары тұтас бір тіршіліктің біртуар жаратылысын көзге елестеткендей болады. Көкжиегі кең, өресі биік, өрісі нәрлі мәдени кеңістік. Әріге бармай-ақ, төрт-бес жылдық қана уақыт айырмасы бар «Құтадғу білік» дас-

танын түгелдей «Диуани лұғат-ит-түрк» арқылы талдап, әр сөзіне дейін таразылап шығуға болар еді. Біз қазіргі қазақ, яки түрік тектес елдердің тілінде күні бүгінге дейін еркін қолданылып жүрген, қазіргі қазақ тілінде де мольнап ұшырасатын сөздерді, тұрақты тіркестерді, даналық сөздерді, мақал-мәтелдерді айтып отырған жоқпыз. Ол өзінен өзі түсінікті жайлар. Сол кездегі таным, білім тынысын, белгілі бір салалардағы ғылым жетістіктерін ашып беретін сөздер, ұғымдар қаншама! Тек қана космологиялық таным дүниесіне қатысты сөздердің, терминдердің, ұғымдардың өзі неге тұрады?! Ай, жұлдыз атаулары, жалпы аспан денелеріне, ғарыш әлеміне қатысты сөздер, терминдер «Құтадғу білік» дастанында да, «Түрік сөздігінде» де жүйелі түрде көрініп, белгілі бір жүйелі дүниетаным желісін аңғартады.

Махмұт Қашқари тұңғыш тіл маманы. Тұңғыш түрік тілінің оқулығын жасап шыққан, грамматикасын түзген, жалпы түрік әлемінің тіл өнерінің өрісін мәңгілік кеңейтіп, өркенін өсірген ғұлама. Күллі түрік тілдерінің тұтастығын білдіретін қасиеттерін, өзара айырмашылық белгілерін айқындап, өзекті заңдылықтарын жүйелеп түзіп ұсынған тұңғыш ғалым. Ұлы еңбек, ұлағатты дәстүр. Түрік тілдерінің диалектологиясының, грамматикасының, лексикасының түп-тұғыры осы сөздікте қалыптасқан. Салыстырмалы сөздік қана емес, тіл саласындағы салыстырмалы тәсілді алғаш рет кеңінен қолданған тынысы кең байсалды зерттеу.

«Түрік сөздігі» қазіргі қазақ тілінің де ерекшеліктерін, мол шығармашылық мүмкіндіктерін, көркемдік мағыналық мәнін тереңдеп біле түсуге жол ашатын құнды еңбек. Тілге қатысты сан қырлы қорытындылар мен ережелер, ортақ заңдылықтар қазақ тіліне де өте-мөте тән. Сөздікте соның бәрі де жете талданып, жеткілікті көрініс тапқан. Ежелгі түрік халықтарының сөздері қатарында жүрген есім сөздер, етістіктер, топонимдер, аңыздар, мақалдар қазір де қазақ тілінде жан-жақты қолданылады. Оның сыртында, сөздікте аталатын жер аттарының, тарихи оқиғалардың, соғыстардың, аңыз-хикаялардың дені, тағы басқа жайлар қазіргі қазақ жерінің аумағына тікелей қатысты. Мысалы, Ескендір Зұлқарнайын мен Шу деген түріктің жас батырына қатысты тарихи хикаядағы салынатын Шу шахары, Шу атауы бүгін де жақсы мәлім.

Ал, жыл қайыруға байланысты біз, негізінен Тышқанның қалай жыл басы болғандығы жайлы әйгілі аңызды білетінбіз. Онда тышқан өрмелеп түйенің төбесіне шығып, келе жатқан жылды көріп алғаны айтылатын. Ал, Махмұт Қашқари мүлде бөлек аңызды айтады. Аңыз оқиғасы Іле өзенінің бойында өтеді. Түрік қағаны өзі жаңылыса берген соң, жыл санауды ыңғайлы бір рет-

ке түсіруді ойлайды. Ол үшін жылдарды он екі хайуан атымен атауды ұсынады. Содан кейін, аңға шыққанда аң, хайуан атаулыны ілеге қарай тоғытып, қуалайды. Сонда, Іленің арғы бетіне бірінші болып тышқан жүзіп шыққан екен. Одан кейін ілесе жүзіп шыққан жан-жануарлардың аттарын рет-ретімен белгілеп, санап он екі жылдың атауларын белгілейді. Он екі жылды бір мүшел санайды. Жыл атаулары, реті қазіргі қолданылып жүрген жыл аттарына толық сәйкес келеді. Осы хиқаяның өзі-ақ көп жайды аңғартып, тарихымызды, ел тарихына тікелей қатысты байырғы оқиғаларды жақын таныстырып, ұлттық мәдениетіміздің өзіне ғана тән шарт, белгілерін тайға таңба басқандай алдыға көлденең тартатындай. Ал мақал-мәтелдердің табиғатынан, жанрлық түзілім заңдылықтарынан қазіргі қазақ тіліне жақындықты түйсінбеу мүмкін емес.

Түрік тілінің мәуелі бұтағы қазақ тілі қазақ елі тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде дамудың өзгеше белесіне қанат жайды. Тіл білімінің теориялық, тәжірибелік маңызы ерекше артты. Тіл тағдыры, тіл шеберлігі, жалпы Тіл білімі мәселесі елдік, мемлекеттік маңызға ие болды. Қазақ тілінің бағы ашылып, ұлттық қасиеттердің басты белгісі ретінде мемлекеттіліктің бірден бір бедерлі нышанына айналды. Нақ осындай қайта жаңғыру, қайта өрлеу белесінде ғұлама ғалым Махмұт Қашқаридың өлмес мұрасы атамекеніміздегі рухани түлеулердің заңды тұғыры, кемелділікке бастайтын алтын бесігі санатты. «Түрік сөздігі» ұлттық мәдениетіміздің, тіліміздің мәртебесін көтеріп, беделін бекітетін өркенді кітап.

Бұл баға жетпес асыл қазынаны зерттеу, ел игілігіне айналдыру рухани тіршіліктің бұрын-соңды өзіміз аңғара қоймаған тосын да тың, әрі тіл мәдениетіміздің ежелгі замандарда-ақ күретамыр өзегіне нәр болып байланған бірегей қасиеттерін байыта түседі. Түрік дүниесінің құнарлы да тегеуірінді өркениат әлемінің тұнық тұма, терең көмбелерінің көзін ашады. Сол арқылы біз дүниежүзілік тұтас бір өркениаттағы өз үнімізді танып, өз тінімізбен қауышатын боламыз. «Түрік сөздігі» арқылы Орхон-Енесай жырларының заманындағы мәдениет тынысына, Ә. Фараби мен Ж. Баласағұн өмір сүріп, өлмес туындыларын жазған кезеңдердің шығармашылық құпияларына, тарихтың әлі де еркін таныла қоймаған қойнауларына жол табамыз.

«Диуани лұғат-ит-түрік» — түрік өркениатының алтын кілті.

Орхон жазбалары, «Құтты білік» дастаны, «Түрік сөздігі» сол тарихи тынысы тереңге тартқан өркениаттың биік мұнаралары десе де сияды. Түрік әлемінің ғылымы мен мәдениетінің адам баласының рухани игілігіне қосылған парасат мәуесі.



Осы ретте «Диуани лұғат-ит-түрік» кітабындағы тіл қазнасы, ерекшелік сипаттары, асыл мұрасы қазақ елінің де мерейін өсіреді, еңсесін көтереді деп кәміл сенеміз. Мамандар мен зерттеушілердің аз тобының ғана еншісі болып келген осынау асыл қазына, қастерлі мұра жаңа толқынның, жалпы халықтың назарына ілігіп, ұлттық игілікке айналған сайын, ұлттық қасиетіміздің ғасырлар қойнауында тұнып аққан кәусарына қана түсеміз. Таза бастауға ден қойған мәдениеттің ғана рухы биік, тынысы кең, тіні таза. Кезінде осыдан он ғасыр бұрын ұрпақ, болашақ қамын ойлап аса білікті, талантты сөздік түзген бабамыздың мұратты мақсаты да орындалады. Сөздіктің бұған дейін неміс, өзбек, ұйғыр тілдеріне аударылғанын айттық. Қазақ тіліне аударып жариялау, зерттеу де кезі келген іс деп ойлаймыз. Оның сәті Еліміз еркіндік алып, тәуелсіздік түтінін түтеткеннен кейін ғана түскендей. Кезінде Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігін» аудару үстінде сөздік ретінде пайдаланып, маңызына, құндылығына еркін көзім жеткен ұлы мұраны исі қазақ хәкімдерінің қызметіне жарату іште жүрген үмітті мақсатым, әр жылдары тиіп-қашып қарастырып, аударыстырып жүрген зерттеу ісі еді. Соның реті енді келгендей болды. Махмұт Қашқаридың шарттары мен түсіндірмелерін бұлжытпай, «Диуани-лұғат-ит-түріктің» де қадірін жеткізе аударуға күш салдық. Бұл жерде бүкіл аудару ісіндегі ішкі тынысты түгел әңгімелеп жатудың мүмкіндігі жоқ, ол қажет те емес. Ең бастысы, қолдарыңыздағы түрік халықтарының тұңғыш сөздігі, тіл энциклопедиясы, тіл таныту оқулығы. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, жырлар, аңыздар бәз күйінде еш әрлендіруге аударылды. Кейбір мәні де, көркемдік түзілімі де үйлесіп, құйылып тұрған тұстарда болмаса, өлеңдердің аудармасын көркемдеуге әдейі ұмтылмадық, төл бітімін, мазмұн-мағынасын, тілдік түзілімін бұзбауға тырыстық. Бұл көркем шығарма емес. Ғылыми еңбек. Тіл таныту саласындағы зерттеу. Бітімі — сөздік. Сондықтан, ғылыми-анықтамалық зерттеуге тән сипаттар сақталуы шарт. Яғни, әрбір мысалдың, сөздің тініндегі белгілері, қасиеттері, бітімі құбылып, өзгеріп түспеуі тиіс. Оның үстіне тарихи мұра ғой. Тарихи деректілік сипаты да аса маңызды. Сөздердің арабша жазбалары қаз-қалпында берілді. Түсіндірмелерінде де ғалымның өз мәнерін, талаптарын бұзбауға күш салдық. Махмұт Қашқаридың өзі де барынша ықшам, түсінікті, тұжырымды жазуға ден қойған. Кітаптың көпшіліктің қолдануына ыңғайлы, ұғынықты, барынша тұжырымды болуын қатты ескерген.

Сөздіктегі сөздер мынадай ретпен берілді. Кітаптың түпкі құрылымы, түзілімі, бітім-болмысы тұтастай бұлтартпай сақталды. Сөздердің орналасу тәртібі мақсұс әліппесімен ыңғайластырылып, сөздердің өзі болса әуелі екі әріпті, одан кейін үш әріпті, төрт әріпті, бес әріпті... тағы осы рет бойынша әрі қарай тізілген. Әр кітаптың алғашқы бөлімінде есім сөздер, екінші бөлімінде етістіктер келеді. Көптеген сөздердің тұсында қай тайпаға, қай жұртқа тән екендігі көрсетілген. Ал, басым көпшілік сөздерде ондай анықтама тіркелмеген, яғни жалпы түрік тіліне тән, ортақ деген ойды сездірсе керек. Мысалдары, түсіндірмелері мұқият сақталды. Кейбір, тегі бір тіл болғандықтан да, түсіндірмей-ақ түсінікті сөздердің өзінде анықтама, талдаулары өзгеріссіз алынды.

Әуелі сөздердің араб әліппесінде жазылған түпкі тұлғасы берілген. Түптеп келгенде, сөз атаулыға дәлелді негіз ретінде ұсынатын тиянақ осы араб әліппесінде түскен түрік сөздері екені белгілі. Одан кейін латын әліппесіндегі транскрипциясы берілген. Осылардан соң қазіргі қазақ әліппесі бойынша транскрипцияланған нұсқасын түздік. Содан кейін барып, тиісті сөздің мән-мағынасы, түсіндірмесі, мысалдары, талдаулары тіркеседі.

«Диуани лұғат-ит-түрік» сөздері, сөз тіркестері осы араб әліппесінде жазылып, түп-тұғыр ретінде бірінші кезекте түскен. Біз соны бұлжытпай араб әліппесінде қаз-қалпында түсірдік. Одан кейін латын әліппесімен жазылатын транскрипциялық мәтінде бірнеше әріпті қазақ әліппесінің бірнеше әрпімен алмастырдық. Бұл біріншіден, қазақ әліппесінің ыңғайына қарай, қазақ тілінің ерекшелігі ескеріліп жасалды. Екіншіден, қазақ оқырмандарына оңтайлы болу жағын ойластырдық. Соған қоса, қазақ тілі мен ежелгі түрік тілінің етене үйлесімділігін сезіну үшін де көп қызмет атқаратынын жасырмаймыз. Сөйтіп, транскрипциялағанда қазақ әліппесі ерекшелігіне орай ептеп болса да үйлестіру мүмкіндігін есте ұстадық. Әрі сөздіктің қазақ оқырмандарының тез түсініп, оңтайлы қолдануын ойладық. Сонымен бірге, араб әліппесімен беріліп отырған түпкі, тұғыр сөздегі әріптерге толық сәйкес шығады. (Мысалы: түпкі, негізгі сөз тұлғасында « ق — қ» әрпі тұрса, оны латын әліппесі арқылы айландырып «q, Q» демей, бірден қазақ әліппесіндегі «қ» әрпімен жаздық.) Сонымен, латын әліппесімен жазылған транскрипциялық мәтінде қазақ әліппесінің төмендегі әріптері қолданылды: в, ғ, з, қ, ң, ө, ү, ұ, ы, ш. Бұл әріптер латын әріптерімен аралас қолданылды. Біздіңше, осы әріптер араб әліппесінде

жазылған түпкі сөз тұлғасын қазақ оқырмандарына құбылтпай, оңтайлы жеткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, арабша « ق — қ» әрпінің орнына қазақша «қ» әрпі алынды да, латынша «q» әрпінің орнына түсті; « ز — дз» әрпінің орнына «з» әрпін алдық та (оқылғанда «дз» түрінде оқылатындығы таза қазақша транскрипцияда ескерілді), латын транскрипциясында қолданылып келген әдеттігі «dh/z» әріптерін соған алмастырдық. Сол сияқты, ретімен келтірсек: «ك» әрпінің орнына «ң»; « ا » әрпінің орнына «ө» әрпі (бұл бұрыннан латыншада «ö» түрінде қолданылып жүр); « اُ » — «ү» (бұл латыншада «y/u»); «ش» — «ш»; « غ » — кәдімгі «ғ»; « خ » — «х» әріптері қолданылды.

Бұлардан ерекшелеп, бөліп түсіндіретін бір-екі әріп «у, ұ; і-ы» дыбыстарына қатысты. «Ғарфи илет» ( ا . و . ی . ) әріптері аталатын бұл әріптердің өзіндік ерекшеліктері бар. Басым Аталайда да, басқа аудармашыларда да « و - у» бірыңғай латынша «u» әрпімен транскрипцияланған, солай бір ізге түскен. Біз «у» әрпінің өзі қатарындағы дыбыстардың әсерімен «жуан, жіңішке» әуенде оқылып, айтылатынын ескеріп, қазақ тілінің заңдылығын да назарда ұстағандықтан қазақ әліппесіндегі «ұ» әрпімен жарыстыра қолдандық. Әрине, барлық жерде бірдей «ұ» болып оқылуы мүмкін емес; Сондай-ақ кәдімгі барлық жерде бірыңғай «у» әрпі де «сәтті» шыға бермейді. Осы жерде түрік тілінің өзіндік үндестік ерекшеліктері деген жайдың шығатыны айдан анық. Яғни, қатарындағы дыбыстардың әсері ескерілуі шарт деп санаймыз. Осыған ұқсас «і-ы» әріптерін де қатар жарыстыра қолдандық. Қазақ әліппесіндегі «ы» әрпінің латынша, қазақша транскрипцияларда еркін қолданылуы сол заңдылықтан. Тағы бір назарға салатын жай латынша транскрипциядағы « i , і» таңбасы «й», «и» деп оқылады. Бұл да қалыптасқан дәстүр. (Қараңыз: «Древнетюркский словарь» Л., 1965 г.). Бірақ, тағы да араб әрпіндегі түп-төркінін оқығанда сөздің мағынасы, айтылу мәнері қазақ тіліндегі «і» дыбысына толық үндесіп, бүйрегі солай бұрып тұрады. Ондай тұстарда «і» әрпін қазіргі қазақ әліпбиіндегі «і» қалпында ұстандық, солай қалдырып, қазақша оқылуын сақтадық. «Б — в — п» мен «к — г», «қ — к» секілді, «ч» мен «ж» арасындағы « ج » әрпі негізінен «ж» ретінде қолданылып келген. «Ч» әрпі қазақ тілінде де, түрік тілінде де аса жиі қолданылатын әріп емес. Көбінесе «ш — ж» дыбыстарына тартып тұрады. Бірқатар тұстарда «ш» әрпін басымдықпен транскрипцияладық, « ش » әрпі үшін «ж» әрпі енгізілді.

Махмұт Қашқари «h» әрпін түрік тіліне жат әріп деп санаған. Оны қолдануды мойындамаған. Сол үшін де «h» әрпін әкелген кенжектерді «түрік өулетіне қоспаймын» деп кесіп айтқан. Соны ескеріп «h» (шаһар) әрпінің орнына көбінесе «x» әрпін қолданып байқадық.

Жалпы мұның бәрінде де басты сүйенетін бағдар, жүгінетін үлгі араб әліпбиімен жазылған сөздердің түпкі тұлғасы. Көп жағдайларда арабша жазылуына жүгініп, бірден бір дұрыс емлесін табуға әбден болады.

Сөздерді қазіргі қазақ әліпбиімен транскрипциялағанда да осындай шарттарды ұстандық.

«Диуани-лұғат-ит-түріктің» қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген әліпби бойынша тұңғыш рет транскрипциялық мәтіні жасалды. Әрине, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері ескерілді. Транскрипциялау кезіндегі әр тілдің ерекшеліктері, талдау және таңдау тәртібі салыстырмалы түрде сарапталды да қазақ тілінің табиғатына, түрік тілінің өзекті қағидаларына сай түзілді.

Әрбір сөзді аударғанда да, соған берілген мысалдарды қазақшалағанда да айтылған үлгі сақталды. Әуелі араб әліпбиіндегі нұсқасы, латын әліпбиіндегі әрі қазақ әліпбиіндегі транскрипциясы, содан кейін аудармасы. Аударғанда қазіргі қазақ тілінде бар сөздер сол күйі алынды. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін, бірақ мағыналық реңі өзгешелеу сөздер, бірнеше мағынаға ие сөздер ретіне қарай қатар жазылып көрсетілді. Ал, аударылуға тиісті сөздердің қазақша аударма баламалары алынды.

Тарихи ұғымдар, атаулардың аудармасы жасалып, қазақша өзгеше баламасы болса, ол да ескерілді, не ескертілді. Махмұт Қашқари түсіндірмелері сол күйі аударылып отырды. Ал, қайсыбір тұстардағы Махмұт Қашқаридың өзі аудармай-ақ, араб тілінен қолданған мысалдары, сол өз нұсқасындағы секілді келтірілді де, аударылмады.

Кейбір тіл біліміне қатысты терминдерге, атауларға түсіндірме жасалды. Ондай ғылыми-теориялық терминдер алғаш кездескен сәтте түсіндіріліп отырады. Қайсыбірінің қазіргі қазақ тілі грамматикасындағы баламалары аталып, ретті жерінде қолданылды. Бір сөздің бірнеше нұсқасы, түрі болса, келтірілді. Бірақ ондай сөздер жоққа тән.

Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігі» осыдан он ғасыр бұрын жазылған ұлы ескерткіш. Бүкіл түрік қауымының тіліне де құрмет белгісі, еліміздің, ғылы-



мымыздың мәртебесін арттыратын, білім жолында жаңа бетбұрыс қадамдарға жол ашатын Тіл энциклопедиясы.

Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари сынды білімі дария, өресі ен жайлау, өз заманындағы ілім-білімді жете игеріп, ілгері апарған ұлы тұлғалар адамзат өркениатының жарық жұлдыздары. Олардың қоғамдық-әлеуметтік ойлары, ғылыми зерттеулері мен тұжырымдары түрік тектес елдерді танымның таусылмайтын тұнық көздеріне бастайтын күретамыр арналар.

«Диуани лұғат-ит-түрік» қарапайым оқырмандардан бастап, маман ғалымдарға дейін аса қызғылықты, байсалды, ұлттық мәдениет бастауларына бастап, рухани дүниемізді байытатын ұлағаты мол, болашағы зор кітап.



ДИУАНИ  
ЛУҒАТ-ИТ-  
ТҮРК



## Бісмиллә-һір-Рәхмәһір-Раһим!

*Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!*



Күллі мадақ-мақтау кемел ақыл-ой иесі, барша қасиет-құдірет, даңқ пен аса келісті санат иесі бір Тәңірге тән. Заманның ең саламат саңлақтарының ділі кесел, қызыл тілдің асқан шешендері кекеш болып қалған шақта, адал мен арам істер анық та толық баяндалған Құранды Алла Жәбірейіл арқылы Мұхаммедке түсірді. Сөйтіп тура жолды көрсетіп, бағыт сілтеуші белгіге құлабыз қойып берді.

Мұхаммедке уа оның баршаға жанашыр болған ұрық-шәріптеріне Тәңірімнің рахымы түссін, барлығына есендік берсін.

Енді, Мұхаммедұлы Құсайынның перзенті Махмұттың сөзін аңғарғайсыз:

Мен Тәңірінің дәулет ұясын түріктер бұржысында жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырғанын көрдім. Тәңірі оларды «Түрік» деп атады және оларды мемлекетке еге қылды; Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, халықтың ақыл-ерік тізгінін солардың қолдарына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді өзіз қылды әрі түріктер ішінен оларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. Түріктердің оқтарынан сақтану үшін, олардың жолын берік тұту әрбір ақыл иесіне лайықты уа парыз іске айналды. Өз дертін айту уа түріктерге жақын болу, жағу үшін, оларға түрік тілінде сөйлесуден пайдалы жол қалмады. Кім өз дұшпандарынан ажырап, түріктерге сағынып, мұнайып келсе, оларды түріктер қанатының астына алып, қауіптен құтқарады; олармен бірге басқалар да қамқорлық, пана табады.

Бір бұхаралық ғалым мен Нисапурлық басқа бір ғалымның тәңір өзіз көрген Пайғамбарымыздан дәлел келтіріп айтқан төмендегі сөздерін анық естіген едім: Пайғамбарымыз қиямет белгілері, ақырзаман бітінәләрі және оғыз түріктерінің жорыққа шыққандығы туралы айтқанда: «Түрік тілін үйреніңіздер, сонда олардың егелігі ұзақ дәуірлі болмақ,»— деген екен.

Бұл хадистің (қағида сөздің) дұрыс-бұрыстығына сол айтушы кісілердің өздері жауапкер. Бұл сөз шын болса, түрік тілін үйрену

уәжіп, білген абзал, шын болмаған жағдайда, түрік тілін үйренудің зияндылығын ақыл ажыратар.

Сонымен, мен сол түріктердің қызыл тілге ең шешендерінен, ең әдемі әңгімешілерінен, ең бір зеректерінен, ең білгірлерінен, ежелгі асыл тайпаларынан уа соғыс ісінде мықты найзагерлерінен болғандығымнан, олардың шаһарлары мен сахарасын бастан-аяқ аралап шықтым. Түрік, түркмен, оғыз, шығыл, йағма, қырғыздардың сөздерін және (сөздерінің) қасиет, құпияларын анықтап шықтым, оларды пайдаландым. Мен бұл істерді осы тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды парықтап білу үшін істедім. Сонымен олардың әрқайсысының тілі менің көңілімде ұялап, берік сақталып қалды. Мен оларды мұқият реттеп, әбден тәртіпке келтіріп, жүйелеп шықтым.

Бұл бір мәңгілік жәдігерлік уа таусылмас-түгесілмес, азып-тозбас бір байлық болсын деп, бір Тәңірге сыйынып, осы кітапты түзіп шықтым да, оған «*دیوان لغاتِ التُّرْكُ* Диуану луғат-ит-түрк — Түрік тілдерінің диуаны», — деген ат бердім.

Бұл кітапты пайғамбарымыздың мәртебелі орнында отырған, Қасым ұрпағынан уа Аббастар әулетінен көшбасшы болған иеміз, ұлығымыз, әпендіміз, момындардың (мұсылмандардың) әмірі уа Тәңірінің қалпесі Мұхаммед ұғлы Әбілқасым, Абдолла Мұқтади би Әміролла құзыретіне арнадым. Тәңірі мәртебесін өсірсін, бақытты-ырысты ұзақ ғұмыр берсін! Оның ұлылықта теңдесі жоқ салтанат мәртебесінің дәрежесі мызғымасын; оның пәрмен, құзыреті кенейсін һәм дәуірлей түссін; адам балалары оның сансыз көп шарапатынан жұлдыздардай жоғары құтқа жетіссін; Тәңірі қаһар-қорлыққа ұшыраған дұшпандарының залалынан сақтасын; оның саясын, көркін, құдіретін, парасатын және ұлылығын мұсылмандар басынан алыс-татпасын.

\* \* \*

Мен бұл кітапты хикмат сөздер, сежілер\*, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар, режез\*\* және несір (көркем қарасөз — А. Е.) секілді әдеби сөздермен безендіріп, максұс әліппесі ретімен түзіп шықтым. Үйренушілер мен қызығушылар керекті сөздерді тез, онай табуы үшін көп жылдар бейнет шегіп, сөздерді орын-орындарына қойдым. Көмескілерін аштым, жарық еттім, кателерін жұмсарттым, түзеттім.

\* Сежі — ұйкасты, үйлесімді сөз.

\*\* Режез — бұл жерде қаһармандық, батырлық жырлардан үзінді деген мағынада.



Ақыры, бұл тіл кітабын (сөздікті) мынадай сегіз бөлікке жіктедім:

Бірінші:	Хамза* кітабы.	Тәңірі кітабының жөнімен бұл кітабымды хамзамен бастадым.
Екінші:	Сәлім кітабы.	
Үшінші:	Мұзоаф кітабы.	
Төртінші:	Мисал кітабы.	
Бесінші:	Үш әріпті сөздер кітабы.	
Алтыншы:	Төрт әріпті сөздер кітабы.	
Жетінші:	Ғұнналлылар кітабы.	
Сегізінші:	Сүкүндік, екі үндес қатар келген сөздер кітабы*.	

Әрбір бөлімді атаулар (есімдер) мен етістіктер секілді екіге ажыраттым. Алдымен атауларды (есім сөздерді), содан кейін етістіктерді келтірдім де, әрқайсысын өз орнына қарай бөлімдерге бөлдім. Алдында келетіндерді — алдына, кейін келетіндерді кейін қойдым. Түсінікті, айқын болу үшін кітаптар мен бөлімдерде арабша атауларды (терминдерді) қолдандым.

Түрік тілінің араб тілімен бәйгеге түскен екі атқа ұқсап тең шауып бара жатқандығын анық көрсету үшін Халел ибн Ахмедтің «Кітабул айн» деген еңбегінде ұстанған тәртіптегідей, қолданылмай тұғын сөздерді де кітапқа енгізе беру ойы менде де болған еді. Олай істегенде де, дұрыс тәртіпте болар еді. Әйтсе де, мен сөздерді анық табуды және кісілердің қызығып пайдалануын есте ұстағандықтан, ықшамдастырдым да, қолданылып жүрген сөздерді алдым, қолданудан шыққандарды тастадым. Менің ұстанған бұл жолым тура, дұрыс жол. (Халел ибн Ахмед өз заманында кеңінен танылған ғалым,

- 
- \* 1. Хамза — араб әліпбиінің әуелгі «І әліп» әрпінің асты-үстіне қойылып түрлі дыбыстарды білдіретін белгілер. Бұл жерде, соған орай, сөз басында (араб емлесі ретімен) « | (a)», « ۙ (y)», « ۞ (и)» әріптері келген сөздер дегенді білдіреді.
2. Сәлім — сөз түзілімінде араб тілінде «харфи иллет» деп аталауын « | (a)», « ۙ (y)», « ۞ (и)» әріптерінің бірі болмаған және әріп қайталанбаған сөздер.
3. Мұзоаф — бір әрпі екі рет қайталанған сөздер; бір әрпі сүкүндік, екіншісі харақаттық (араб тіліндегі созып оқылатын ашық дауысты әріптер есесіне қойылатын белгілер) сөздер.
4. Мисал — « | (a)», « ۙ (y)», « ۞ (и)» әріптерінің бірімен басталған сөздер.
- 5-6. «Үш әріпті...», «Төрт әріпті...» «Бес әріпті...» сөздер дегенде араб әліпбиінің ретімен айтылып отыр.
7. Ғұнналы — мұрын дыбысты сөздер.
8. Сүкүн — түйік буын соңындағы қысқа дыбыс.

санаткер. Бұл кітабы араб әліпбиіндегі «айн» әрпімен басталғандықтан «Китабул айн» деп аталған. А. Е.)

Түрік тілінде қолданылатын сөздер мен қолданылмайтын сөздерді таныту үшін төмендегі өрнектерді (кестені) көрсетемін:

آرىق	АРЫҚ	АРЫҚ	қолданылады;
اقۇر	AQUR	АҚЫР	қолданылады;
قار	QAR	ҚАР	қолданылады;
قارا	QARA	ҚАРА	қолданылады;
راقا	RAQA	—	қолданылмайды;
راقى	R A Q	-рақ/ -ырақ	салыстырмалы ренді білдіретін қосымша;
ازىق	AZUK	АЗЫҚ	қолданылады;
اقۇز	AQUZ	—	қолданылмайды;
قوزى	QOZY	ҚОЗЫ	қолданылады;
قىزى	QYZ	ҚЫЗ	қолданылады;
زىقى	ZYQY	—	қолданылмайды;
زىق	ZYQ	—	қолданылмайды;

«Қадам ізі біреудің жүргендігін білдіреді» дегендей, осы кесте бойынша басқа сөздерді қиыстырып салыстыруға болады. Тұрмыста қолданылатын, қолданылмайтын үш, төрт әріптен иә одан да көп әріптен түзілген сөздер көп-ақ.

Мен істі онайлату әрі кітапты ықшамдау үшін, менен бұрын ешкім түзбеген уа ешкім ешкімге мәлім болмаған өзгеше бір тәртіпте түзіп шықтым. Бұл жазған еңбегім талапқа сай болсын, пайдаланушыларға анық, қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерді жасадым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға негіз болған түбір сөздерді алдым. Сондықтан, сөздің қысқасы жақсы, ілгері кеткендерге тура нышан көрсетіп, кең жол ашын беру үшін, өрлеп-өсу ниетіндегілерге саты қойып беру үшін осыларды істедім. Түрік халықтарының көрген-білгендерін толғайтын акын мен жыраулардан, қайғылы уа қуанышты күндерде шыққан мағынасы терең мақал-мәтелдерден мысалдар келтірдім, енді мұны пайдаланғандар кейінгілерге, олар өзінен кейінгілерге

жеткізсін. Сонымен бірге және бірталай сөздерді кіргіздім.

لَا حَوْلَ وَلَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ الْعَلِيِّ الْعَظِيمِ وَمَنْ حَبَّبْنَا وَنَمَّ الْوَكِيلُ

Көңілім қалаған бұл ісімде Тәңіріден жәрдем тілеймін. Барлық күш-қуат ұлық уа мейірімді Тәңірге лайық, Тәңір біздің тілекшіміз әрі ең ізгі иеміз!

### ТҮРІК СӨЗДЕРІН ТҮЗГЕНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨРІПТЕР ЖАЙЫНДА

Күллі түрік тілдерінде қолданылатын негізгі өріптер он сегіз Түрік жазуында сол өріптер қолданылады. Бұл өріптер төмендегі сөздерге жинақталған:

• اخوك • لف • صبح • نزل • بذر • شتيا •

Айырып көрсеткенде мынадай болады:

ا	ب	ت	ث	ج	ح	د	ذ	ر
ا	ف	خ	د	ز	ق	ی	ك	ذ
а	ф	х	у	з	к	и	к	дз
س	ه	و	ز	ح	د	س	ه	ع
م	ن	س	ب	ج	د	ش	ت	ل
м	н	с	б	ж	р	ш	т	л

Бұл өріптердің арабшадағы « ا ء ب ء ت ء ث » өріптеріне ұқсас рет тәртібі бар. Бұл негізгі өріптерден басқа, жазуда жоқ, ауызша қолданылатын, негізгі өріптердің қағарына қосалмайтын және жеті өріп бар. Түрік тілдері бұларсыз оқылмайды. Бұлар: қатаң « پ (п) » өрпі; арабша « ج (ж) » өрпі – бұл өріптер түрікшеде аз қолданылалы; « ز (з) » мен « ش (ш) » аралығында шығатын « ژ (ж) » өрпі; арабша « ف (ф) » өрпі; нүктелі « غ (г) » өрпі; « ق (к) » мен « ك (к) » аралығындағы

үяң, жұмсақ «ك (г)» әрпі «ن (n)» мен «غ (ғ)» аралығындағы және «ن (n)» мен «ق (к)» аралығында пайда болатын «ين (n)» әрпі. Бұл әріпті дауыстап айтуға түріктерден басқалар қиналады.

Бұл жеті әріп жоғарыда көрсетілген негізгі әріптерге үкәс жазылады, шекесіне нокат белгілер қойылып ажыратылады. Түрік тайпаларының ешбірінде ث әрпі кездеспейді. Сондай ақ, «اطباق» итбақ» әріптерінен болатын «طَهَّاهَ عَرَاهُ ضِ» әріптері тағы жоқ. Ауыз дыбыстыларынан болатын «ح ه ه ح ع» әріптері де жоқ. «أُكِي» сөзін «أُحِي» дейтіндер аса ашынық. Бұл сөздің түбірі қышпақшада болғандықтан «к» әрпімен «үкі» деп айтылады. Кенжектер шақпақты «جَهَّاهُ» жаһа» дейді. Бұл тіл ерекшелігіне сай емес. Көз ауруын «أَوْاهُ» ауаһ» дейді, бұл да жоғарыдағыдай жанылыс сөз.

Бұдан басқа, «ه - h» әрпі кей-кейде тыныс белгісі үшін сөздің аяғына қосылып келеді. Мәселен, лашын құсты шақырғанда: «تَاهُ تَاهُ» Таһ-гаһ» дейді; құлын тайды шақырғанда «قُرْهُ قُرْهُ» кұрруһ — кұрруһ!» — дейді. Болмаса, «ه - h» келетін ешқандай сөз жоқ. Бұл дыбыс кейде қотандықтардың тілінде ұшырасады. Сонсоң қотан тілінде хинд тілінің әсері бар; кенжек тілінде «ه - h» дыбысы ұшырап қалады, сондықтан кенжек тілі де таза түрікше емес. Егер, «ح» әрпін жазу қажет болса, ол түрік жазуындағы «ч-дз» секілді жазылып, шекесіне нокат қойылады. «ح» әрпі «س-с» секілді жазылып, үстіне нокат түседі. «ح» әрпі де «ن» белгісіндей жазылып, нокат салынады «ح ه ه ح ع» әріптері түрікше «خ» секілді жазылып, айырым белгілермен ажыратылады. Және де бұл әріптер тек араб тіліне тән. Ол әріптерді түрік жазуымен жазуға тура келсе, ежелгі түрік әріптеріндегі секілді жазылып, нокат пен айырым белгілермен нарықталады. Түрік әріптерінің бәрі топтанса, мына секілді болып шығады:

ح ه ه ح ع  
ح ه ه ح ع

Мұның жазылу қағидасы мынадай: айтқанда орны жоқтығына қарамастан, жазғанда фатха\* орнына «I-әліб», зәммә\* орнына «о-у», кесрә\* орнына «у-и» әрпі қолданылады. Мұның арабшадағы өрнегі түсіндірме (изафет\*) түріндегі «آب ، آخ» сөздерінен көрінеді:

هَذَا أَبُوكُ وَرَأَيْتُ أَبَاكَ وَمَرَّتْ بِأَبِيكَ

Бұл сөздерді жазғанда харакат үшін әріп (оқығанда анық аңғарыла бермейтін «ا ، و ، ی» әріптерін) қосуға тура келеді. Қадым заманнан бері Қашқардан жоғары Шынға дейінгі күллі түрік өлке-лерінде хакандары мен сұлтандарының жарлықтары мен хат-хабарлары осы жазбамен жазылып келген.

Түрік сөздерінде «اماله, имале», «اشباع, ишба», «اشمام, ишмам»\*\* сөздерінің әрқайсысы үш харакатпен түседі; қатаң «ғұнна»\*\*\* мен «хайшум» да сондай. Бұдан басқа, екі дыбыс үндесіп қатар келетін (шалак дыбысты әріптердің екеуінің қатар келуі, сәкін), «ق-қ» мен «ج-ж» әріптерінің қатарласып, «ب-б» мен «م-м» әріптерінің, «ن-н» мен «ل-л» әріптерінің алмасып келуі жайлары кездеседі.

Бұлардың бәрі өз орнында айтылады.

\* Араб тілінің ережесіне тән шарттар. Құранды, оқулықтарды, олендерді дұрыс әуенмен оқу үшін шалак дыбыстар осындай белгі, харакаттармен (амалдармен) белгіленеді. Олар: «фатха, зәмма, кесрә» деп аталады. Бұл ретте:

Фатха — «а, ә» секілді дыбыстарды білдіру үшін қолданылатын айырым белгі; әріптердің үстінгі жағына қойылады. Танбасы: (ـَ).

Зәмма — «о, о; у, ұ» дыбыстарын білдіру үшін қолданылатын айырым белгі, әріптердің шекесіне қойылады. Танбасы: (ـِ).

Кесрә — «и, ы» дыбыстарын білдіру үшін қолданылатын айырым белгі, әріптердің төменгі жағына қойылады. Танбасы: (ـِ).

\*\* Имале — әріпті созып оқуды білдіреді.

Ишба — жуан, қатты дыбыстап оқуды білдіреді.

Ишмам — жінішке, ұяң дыбыстарды айтады.

Изафет — түсіндіру, анықтау. Екі есім сөздің өзара байланыста бірін-бірі толықтырып, түсіндіріп тұруы.

\*\*\* Ғұнна — ғалымның айтуынша «н» мен «к», «н» мен «ғ» дыбыстарының бірігуінен туындаған «ң» әрпі.

Хайшум — мұрын, комеі дыбыстары..

## ЕТІСТІКТЕРДЕН ЖАСАЛҒАН ЕСІМДЕР ЖАЙЫНДА

Есімдер екі түрлі: бірі түпкілікті (түбір) есім, екіншісі жасанды есім. Етістіктен жасалатын есімдер етістіктің соңына он екі әріптің бірін қосу жолымен жасалады.

«**قَلْبٍ** -Қылыш, **أَوْقُ** -ок» дегенге ұқсас есімдер түбір есімдер. Бұл сипатты есімдер басқа сөздерден жасалмаған. Жасанды есімдер өзге сөздерден жасалады. Ондай есімдердің бағзылары тілде қолданылып, естіліп жүрсе, енді біреулері айқын естілмейді, кәдеге жаратылып, қолданылмайды. Мен сол есімдердің қолданылатындарын жаздым, қолданылмайтындарын тастадым. Әйткенмен, мен бір төмендегідей жол таптым, ереже (қағида) бойынша, бұлдыр иә мен тастап кеткен сөздерді осы жолмен салыстырып анықтап алуға болады. Етістіктен жасалған есімдер төмендегі он екі әріптің бірінің қосылуымен түзіледі. Ол әріптер: I-әліб; **ت** -т; **ج** -ж; **ش** -ш; **غ** -ғ; **ق** -к; қатаң каф (**ق**-к); **ق** -к мен **ق** -к аралығындағы жұмсақ дыбысталатын кәф (**ك**-ғ), **ل** -л; **م** -м; **ن** -н; **و** -у дыбыстарынан тұрады.

### I-әліб (А—А)

**بِلْغَا** Bilgə (білгә) — «ғалым, хәкім, білікті» деген мағынадағы бұл сөз «**بِلْدِي** bildi (білді)» сөзіне әліп қосылып жасалған.

**اُغَا** əgə (өгә) — аса білікті әрі тәжірибелі, өмірден көрген-түйгені мол адамдарға айтылатын бұл сөз «**اُودِي نَانَكِي** ədi neñni (өді нәнни) — нәрсені жақсы түсінеді» дегендегі етістіктегі «**اُودِي** өді (өді)» сөзінен жасалған.

**اُوَا** uwa (уба) — сөзі де сол сияқты. Бұл ішіне шекер уатып салынатын тағамның бір түрінің атауы. Бұл сөз «**اُودِي** uwdi (убди) — уаты, ұйпалады» сөзінен жасалған.

«I-әліб» көбіне «**م** -м» әрпімен бірігіп (-ма// -ме секілді) те келеді. «Кекіл» мағынасындағы «**كَسْمَا** kesme» сөзі «**كَسْدِي** kesdi кесді» сөзінен жасалған. Көзді жаппасын деп кесілген маңдай шашты «**كَسْمَا** kesme кесме (кекіл)» дейді.

**اُورْمَا** ərmtə шаш (өрме шаш) — сөзі де сондай. Бұл «**اُورْدِي** ərđi — өрді» сөзінен жасалған.

## ت (T—T)

«Қашқын» деген мағынадағы «قَاشِقُنْ қачит: качут» сөзі «تَجَدِي қачды: качды» сөзіне «ت -T-t» қосылып барып шыққан. «Киім-кешек» мәнін білдіретін «كُذِّي -кезүт (кедзүт)» сөзі де «киді» мағынасындағы «كُذِّي keztі (кедзті)» естістігіне «ت -T-t» дыбысы қосылып жасалған.

## ج (C — Ж, Ч)

«Күлді көмеш пісірілген нан» мағынасындағы «كُجِي көмеч (көмеш)» деген сөз, күл яки күлге ұқсасатын нәрсеге бірденені көмгенді білдіретін «كُمدِي көмді (көмді)» етістігіне «ج -ч» қосылу арқылы жасалған. «سَينِجْ sevinч (себінш) — сүйініш» сөзі де сол секілді, «سَينِندِي sevindі (себінді) — сүйінді» сөзінен жасалған.

## ش (Ш — Ш)

Таныс адам мағынасында қолданылатын «بِليشْ bilіш: біліш - біліс» сөзі «بِليدِي bildі (білді)» етістігіне «ش -ш» әрпі қосылып туындаған. «Ұрыс», «соғыс», «кактығыс» мағынасында қолданылатын «اُورُشْ уғиш (үрүш)», «تُوقُشْ тоқиш (тоқұш)» сөздері «اُورُدِي urdı (ұрды)» «تُوقِیدِي тоқыды (тоқыды)» сөздеріне «ش -ш» әрпін қосу арқылы жасалған.

## غ (F — F)

«غ - f» әрпінің үш түрлі күйі бар:

I. — етістіктерге қосылып, оларды есімдерге айналдырады:

«Таза, пәк» деген мағынадағы «اُارِغْ ағығ (арығ)» сөзі «اُارِنَدِي нанәң ағынды пәң (арынды нән) — арылған (тазарған) нәрсе» сөзінен жасалған, Бір нәрсенің күрғақтығын білдіретін «كُيرِغْ қиғиғ (қүрүғ)» сөзі «كُيرِیدِي қиғиды (құрыды)- қурады» деген сөзден жасалған.

II. — түбір есімдерге қосылып, оларды жер аттарына, мекен есімдеріне айналдырады:

«Жайлау» мағынасындағы «جَيلَغْ jajlaғ (жайлағ)\*» сөзі «жаз» ма-

\* Бұл жерде М. Қашқари, әлбетте, «жайла», «қыста» етістіктерін ескерген болса керек.

ғынасындағы « **جَائِي** jāj (иаи) » сөзінің соңына « **غ** -ғ» әрпі қосылып жасалған. Сондай-ақ, қыстау, қыстайтын жер мағынасын білдіретін « **قِشْلَاغُ** қышлағ (қышлағ) » сөзі, « **قِشْنُ** қыш (қыш) » сөзінің соңына « **غ** -ғ» әрпі тіркеліп жасалған. Яғни, бұл сөздер « **غ** -ғ» әрпі арқылы жер аттарына айналып тұр.

ІІІ. — етістіктерге әуелі « **غ** -ғ» кейін « **و** -у, **ۇ** » (демек — ғу) қосылып құрал-сайман аттарын құрайды. Бұл түрік тілдерінің бәріне тән қағида. Осы жолмен етістіктер есімге айналып, құрал-жабдықтардың атын білдіреді. « **نِجْدِي** Рышды (пышды) » деген, кесті, пішті мағынасындағы етістіктің түбіріне « **غُو** -ғу» қосылып жасалған, бір нәрсені кесіп-пішетін аспапты білдіретін « **بِجْفُو** » рышғу (пышғу) — пышақ» сөзі соның мысалы.

Бірдеңені ұратын құрал деген мәндегі « **أَرْغُو نَانِكُ** иғғу нең (ұрғы нен) » сөзі « **أَرْذِي** иғды (ұрды) » етістігінен («ғу» арқылы) жасалып шыққан.

Осы « **غ** -ғ» орнына жұмсақ кәф (« **ك** -г ») қолданылатын тұстар бар, бірақ аз. « **كَسْدِي** Kesdi (кесді) -кесті» етістігінен жасалған « **كَسْكَو نَانِكُ** kesgü нең. (кескү нең) — кесетін нәрсе» сөзі соның дәлелі.

« **أَبْصَغُو** evysgü (евүсгү) — суырғы, суыратын» сөзі де « **أَبْصَدِي** Evysdi (Евүсді) — суырды» етістігінен жасалған.

Енді « **غ** -ғ» мен « **ك** -г» әріптерінің қолданылатын орны жөніне келсек, қатан сөздерде « **غ** -ғ» қолданылады да, жұмсақ жіңішке үнді сөздерде « **ك** -г» қолданылады.

Бірқатар түрік сөздерінің соңында « **غ** -ғ» мен « **ك** -г» әріптерінің қосылып келуі, арабша етістіктердің алдында келіп, құрал-сайман аттарын білдіретін « **م** -м» ғәрпінің қолданылуына ұқсас. «Орақ» мағынасындағы « **مِنْجَلُ** » сөзі, «шөп орды» мағынасындағы « **تَجَلُ** » етістігінің алдына « **م** -м» қосылу арқылы жасалған. «Елек» мағынасындағы « **سُنْجَلُ** » сөзі «еледі» деген мағынадағы « **تَحْجَلُ** » етістігінің алдына « **م** » қосылып жасалған.



«Сыпырғы», «ысырғы» мағынасындағы «**يُسْفَر**» сөзі де «сыпырды», «ысырды» мағынасындағы «**تَسْفَر**» етістігінің алдына «**م** -м» қосылып жасалған.

Оғыздар «**غ** -ғ» яки «**ك** -г» әріптерінің орнына I-әлібіті, «**و** -у, ү» орнына тура сол мәнді «**س** -с» мен «**ی** -и» әріптерінің қосылысынан болған «**سپی** -сы// -сі» -ні қолданады. «Ағаш кесетін нәрсе» дегенді «**يِنَاجِ بِنَاجِی**» **يِنَاجِ** жығаш рышасі нең (иығаш пышасі нең), «Отын кесетін балта» дегенді «**اوتون کسسی بلدو**» **otun kesesi baldu** (отун кесесі балду)» дейді.

Заман, мекен есімдері мен мәсдарлар\* сол ережелер бойынша түзіледі.

Хақания түріктері мен басқа түріктер, оғыз түрікмендері мен басқалар арасында және сол мағыналық айырма бар. Бұл өзгермейтін бір өлшем. Хұда қаласа, бұлар өз орындарында көрсетіледі.

## ق (K—K)

«Тарак» мәніндегі «**تَرَاقُ** **tarғaq** (тарғaq)» деген сөз «**تَرَادِي**» **sash taradı** (саш тарaды)» деген үлгідегі «**تَرَادِي** тарaды» сөзіне «**ق** -к» әрпі қосылып жасалған.

«Орақ» мәніндегі «**اَرَقَانِي** оғaq (орғaq)» деген сөз де сондай болып, «**اوت اوردی** **ot ordı** (от орды)» деген түрдегі сөздегі «**اوردی** орды» етістігінен шыққан.

## ك (K — K) Қатаң кәф.

«Кесілген нәрсенің бөлігі» дегенді білдіретін «**كسك** **kesek** нең (кесек нең)» тіркесінде келген «**كسك** **kesek**» сөзі «**كسدی** **kesdi** (кесді)» етістігіне «**ك** -к» қосылып жасалған. «Жамылғы» мағынасындағы «**كشك** ешүк (ешүк)» сөзі «бүркенді, жамылды» деген мағынадағы «**كشودی** ешүді (ешүді)» сөзінен жасалған.

\* Мәсдар — етістіктің түйық райы.

## ك (G — Г) Жұмсақ кәф.

«**تَیْرِلْدِي** Tіrildі» етістігінен жасалған тірі «**تَیْرِكْ** tіrig (тіріг)» сөзі секілді. «**اُولْدِي** Өлді» етістігінен жасалған «**اُولْكْ** Өлүг (өлүг)» сөзіндегі «**ك**-г» сияқты.

## ل (L — Л)

«Кепкен, жарық жер» деген мағынадағы «**بِيْجِيْلِي** пышғыл jer (пышғыл иер)» дегендегі «**بِيْجِيْلِي** пышғыл» сөзі «**نَانَكْ**» пышылды нең (пышылды нең)» дегендегі «**بِيْجِيْلْدِي** пышылды» сөзіне «**ل** -л» қосылып жасалған.

«Ала — тарғыл» реңін білдіретін «**تَارْغِيْل** тарғыл (тарғыл)» деген сөзде сондай. Бұл сөз «**تَارْغِيْلْدِي** тарылды» етістігінен жасалып, бір нәрсе-нің екінші бір нәрсемен, ақтың қарамен араласып келуін білдіреді.

## م (M — М)

«Жайма, төсеніш» мағынасын білдіретін «**جَازِيْمْ** Jазым (иазым)» сөзі «жазды, жайды» мағынасындағы «**جَازِيْتِي** jazты (иадзты)» сөзіне «**م**-м» әрпін қосу арқылы жасалған.

«Бір тілім қауын» деген мағынаны білдіретін «**بِيْجِيْمْ قَاغُوْن** big рышым қағуn (бір пышым қағұn)» тіркесіндегі «**بِيْجِيْمْ** пышым» сөзі «кесті, пішті» мағынасындағы «**بِيْجِيْدِي** пышты» сөзіне «**м**-м» қосылып жасалған.

## ن (H — Н)

«Сел» деген мағынаны білдіретін «**اَقِيْن** ақып (акын)» сөзі «**سُوْ اَقْدِي** suv акды (су акты)» деген түрдегі «**اَقْدِي** акды» етістігіне «**н**-н» әрпін қосып жасалған.

«Үйінді топырақ» деген мәнді білдіретін «**يِيْغِيْنْ تُوْبْرَاقْ** жығып тор-гақ (нығын топрақ)» түріндегі «**يِيْغِيْنْ** жығып (нығын)...» сөзі

«**تُورَاقِ يَڭدِي** *torpaq jıǵdı* (топрак иыǵды)» дегендегі «**يَڭدِي** *jıǵdı* (иыǵды)» сөзіне «**ن** -н» әрпі қосылып жасалған.

## و (U — У, Ү)

Бұл әріп қосылып жасалатын сөздерде, біріккен сөздерде келеді, жалғыз күйде сирек ұшырайды. «Қан алдыратын аспап» қандауыр дегенді білдіретін «**سُورَغُو** *soǵu* (сорғу)» сөзі «хайуанның сүтін ему, яки қанын сору» мағынасындағы «**سُورْدِي** *soǵdı* (сорды)» сөзіне «**و** -у» қосылып жасалған. «Тұрғын жер» мағынасындағы «**تُورَغُو يِيزُ** *turǵu jer* (тұрғу иер)» деген сөз де сондай.

Ғарыш күтыб жұлдызы атырабында айналған сынды, түрік тілдерінің бәрі осы ережелер аумағында айналады. Бұл қағидалар екі, үш, төрт, бес және одан да көп әріптік етістіктердің барлығы үшін жарамды. Біз бұл жерде қысқаша ғана айтып өттік. Өзіз уа ұлығ Тәңірі қаласа, ілгерідегі бөлімдерде бұл хақында кенінен тоқталып өтеміз.

## СӨЗДЕРДІҢ ҚАНША ӘРІПТЕН ТҮЗІЛІП, ҚҰРАЛАТЫНДЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

Бәзбір сөздер: «**آت** *at* (ат)» және «**آر** *er* (ер)» сөздері секілді екі әріптік болып түзіледі.

Үш әріпті болады:

«Азык» мағынасындағы «**آزُق** *azuk* (азүк)» және «күнә» мағынасындағы «**آزُق** *jazuk* (иазүк)» сөздері секілді. (Әріп санын араб әрпіндегі түпнұсқа жазбасы бойынша айтып отыр — А. Е.).

Төрт әріпті болады:

«**آڭمُر** *jaǵmur* (иағмүр) — жанбыр». «**جَڭمُر** *šaǵmur* (шағмүр) — шомыр» дегендер секілді.

Бес әріптен тұратын сөздер болады:

«**قُرُغَاق** *Kurıǵsак* (күрүғсак) — күрғак» және «**قُرُغَاق** *kuzurǵак* (күзүрғак) — шапанның екі етегінің бірі» деген сөздер секілді.

Алты әріптен түзілетін сөздер болады:

«كَلْدُرُنْ» kəlydürgük (көмүлдүрүк) — өмілдірік» және «قَزُرْغُونْ»  
kuzurgun (күзүргүн) — құйысқан» дегендер секілді.

Жеті әріптен түзілетін сөздер болады:

«زَرْغَنجُمُونْ» zarğunğmud (зарғұнғмүд) — әдемі гүлі бар, хош иісті  
бір өсімдік» деген секілді. Әйтсе де, жеті әріптен түзілген есімдер аз  
ұшырасады. Түркі тілдеріндегі сөздердегі (сөз құралатын) әріп саны  
жетеуден көп болмайды.

## ЕСІМДЕРДЕГІ ҮСТЕМЕ ӘРІПТЕР (ҚОСЫМША) ЖӨНІНДЕ

Созып оқу белгісі болған «مَدْ mad\* — мад», яки жұмсартып оқу  
белгісі болған «لینْ lin\*\* — лин» есімдердегі үстеме әріптер болып  
саналады. Мысалы, «қап, дорба» мағынасындағы «تَغَارْ tağar (тағар)»;  
тамызық, жағар мағынасындағы «جَاوَارْ жавағ (жавар)» сөздеріндегі  
«І-әліб» созып айту белгісі; «Қорғалған жер» деген мәндегі «قَرَبِغْ»  
қогығ (қорығ)», «таза, пәк» деген мағынаны білдіретін «أَبِغْ абығ  
(арығ)» сөздеріндегі «ي ی и» әрпі мен «анық, қанық» деген ма-  
ғыналарды білдіретін «أَنُوقْ anuq (анұқ)» және «қуә» деген мағына-  
ны білдіретін «تَنُوقْ tanuq (танұқ)» сөздеріндегі «و -у» әрпі жұмсар-  
тып оқуды білдіреді.

Есімдердегі үстеме (қосымша) әріптердің тағы бірі «І — хамза». Мысалы, «айғыр» деген мағынадағы «أَدَغِيرْ адғиғир (адзғыр)», рауғаш-  
тың бір түрін білдіретін «إِصْغُنْ ышғұн (ышғұн)»\*\*\* сөздеріндегі  
«І» сияқты.

\* Араб тілінде мад әріптері үшеу, олар: م د ن

Бұл әріптер өздерінің алдында келген әріптерді созып оқуға әсер етеді.

\*\* « | (а), و (у), ی (и)» әріптері созып оқылмай, сүкүндік ерекшелігімен, яғни қысқа қайырылып оқылса, олар «лин әріптері» болады. Бұл негізінен араб тіліне тән сипат, ал түрік тіліне орай ғұлама кейде шолақ қайырылатын «ы, й», «у, ү, ұ» дыбыстарын ескерсе керек.

\*\*\* Түркістан рауғашы. (ДТС., —220 стр.)

Есімдерде үстеме болып келетін енді бір әріп — «ن -н» әрпі. Мысалы, «بازغان bazğan (базған) — Мерсін ағашының жемісі\*» және «казған kazğan (казған) — сел, су казған жер» деген сөздердегі «ن - н» әрпі секілді.

Есімдердегі тағы бір үстеме танба — «و -у; ү» әрпі. Мысалы, «жібек, торқа» деген мағынаны білдіретін «تورقو toɾqu (торқу)»; «үш-калақ, қор» деген мағынаны білдіретін «қуғу quǵu (құрғу)» сөздеріндегі «و -у» әрпі іспетті.

«ی -и» әрпі есімдердегі үстеме қосымшалардың бірінен саналады. Мысалы «төбе, дөң» деген мағынаны білдіретін «көткі» және «тырысқан, бырысқан (шырай, оң)» деген мағынадағы «бұзғы» бұзғы (бұрқы)» сөздеріндегі «ی -и» әрпі секілді.

Бұл сөздерден «فَاعِلٌ фаәл»; «فُعَالٌ фуал»; «فِعالٌ фиал»; «فُعُولٌ фаул»; «فَعِيلٌ фаил» секілді келгендерді оқығанда созылмалы, жұмсартқыш қосымша әріптер оқылмай түсіп калуы мүмкін. «جِياغ» жығаш (иығаш)» сөзі «جِياغ» жіғш (иғш)» сияқты жазылуы мүмкін; «Дарияның, не жылғаның саға тұсы» деген мағынадағы «جِياغ» жіғшш (иұғұш)» сөзін «جِياغ» жіғш (иұғш)» секілді жазса да айырмасы жоқ. Сондай-ақ, «قَبِيعٌ қобғ» деп те, не «قَبِيعٌ қуғ» секілді жазса да болады.

Сөздің ұзынынан қысқасы жақсырақ.

Хұда каласа, қалғандары кітаптың басқа жайларында айтылады.

## ЕТІСТІКТЕРДЕГІ ҮСТЕМЕ (ҚОСЫМША) ӘРІПТЕР ЖӘНЕ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ТҮЗІЛУІ ЖӨНІНДЕ

Етістіктер екі әріпті, үш әріпті, төрт әріпті, бес әріпті, алты әріпті болады. Етістіктерге кейіннен он әріп қосылған: I-әліп, ә, ت -т, ر -р, س -с, ش -ш, ق -қ, ك -к, ل -л, ن -н, ي -ла//ле, ی -и.

Бұл әріптердің әрбірі етістіктерге бір мағына үстеу үшін қызмет етеді.

\* Ор, жыра (ДТС.,—89 стр.)

## I-әліб

«Қызғанды» деген мағынаны білдіретін «تَبَزَادِي» terzedi (тепзе-ді)» сөзі, «сортаң жер» мәніндегі «تَبَزُ» teriz (тепіз)» сөзіне «I-әліб» қосылып жасалған.

«Қобыз тартты» деген мағынаны білдіретін «قُبَزَادِي» qobzadı (қобзады)» сөзі «قُبُزُ» qobuz (қобұз)» сөзіне «I-әліб» қосылып жасалған.

## ت (T — T)

Бұл әріп сабақтас етістік жасауға қызмет етеді. «Арпа, бидай секілді нәрселерді тазалады» деген мағынаны білдіретін «تَرِغُ اَرْتِي» tagıy ağıtty (тарығ арытты)» дегендегі «اَرْتِي» ağıtty (арытты)» сөзіндегі «ت -т» әрпі секілді.

«تُونُ قُرْتِي» ton kurıtty (тон құрытты) — тонды құртты» түріндегі «قُرْتِي» сөзіндегі «ت -т» да сондай. «T» әрпі қосылғанға дейін бұл сөздер «اَرِيدِي» ağıdy (арыды)», «قُرِيدِي» kugıdy (құрыды)» тәрізді болатын.

## ر (R — P)

Етістіктің сабақтас түрін жасау үшін көп жағдайда «ر -p» әрпі «ت -т» әрпіне қосылады. Мәселен, «кетті» мағынасындағы «بَرْدِي» bardı (барды) — кетті» етістігінің «بَرْتُرْدِي» barturdy (бартұрды) — барғызды, келтірді» секілді және «كَلْدِي» keldı — келді» етістігінің «كَلْتُرْدِي» keltürdy (келтүрді) — келтірді» секілді өтпелі шаққа айналғаны тәрізді.

## س (S — C)

Бұл әріп етістікке қосылып арыз-тілек, істі істемек мағынасын білдіреді.

Мысалы, «سُوْفُ اِجْسَدِي» suv işsedı (сүв ішседі) — су ішкісі келді»; «اَشْرُ يَجْسَدِي» ash jesedı (аш иеседі) — ас жегісі келді» дегендер сияқты.

«س» әрпі баяғылан бері арабшаның «تَفَاوُلٌ» tafaul (тафаул) бабындағыдай, атқарылын болмаған іс-әрекетті құнды бір болғанлай, болып жатқандай етіп көрсету үшін етістікке қосылып келеді. Мысалы: «أَلْ مِّنْدِيْنَ يَرْمَاقُ الْكُؤْمِسِيْنَ» Ol mendin jarmak alymsyndy (ол мендін иармак алымсынды) — Ол менен ақша алғансыды; алып жатқандай етіп көрсетті»; «أَلْ مَنَا كُؤْمِسِيْنَ» Ol mana kulymsindi (ол маңа күлүмсінді) — Ол маған күлімсірегенсінді; өзін күлімсірегендей етіп көрсетті.»

### ش (Ш — Ш)

Бұл әріп етістікке қосылып, арабшадағы «مَفَاعَلَةٌ» mufaələ (мұфа-әлә)» бабындағы секілді іс-әрекеттің екі кісі тарапынап атқарылатынын көрсетеді.

Мысалы: «أُرْشِدِيْ» urşidy (ұрды) — ұрды» етістігінен «يُرْشِدِيْ» urşidy (ұрды) — ұрды» етістігі, «تُرْشِدِيْ» turşidy (тұрды) — тұрды» етістігінен «تُرْشِدِيْ» turşidy (тұрды) — тұрды» етістігі жасалғаны тәрізді.

«ش — ш» әрпі етістіктерге қосылып келгенде, жәрдемдесу, қосылу, екі адамның арасындағы қатысу мағынасындағы рендерді жеткізеді.

Бұл жөнінде өз реті келгенде айтамыз.

### ق (Қ—Қ)

Бұл әріп етістікке қосылып, жеңілгендік яғни қорланғандық мәнін білдіреді де арабшадағыдай «مَفْعُولٌ» мәффул» (сипаттау түрінде қолданылатын сөздер — А. Е.) орнына қолданылады:

«أَرَّ أَحْبَقْدِيْ» ar ahbydy (ер ашықды) — ер ашықты»; «يَلْتِيْ يُّتْقَدِيْ» ylyty ytydy (жылқы жұтады) — жылқы (мал от-шөпсіз қалғандықтан арықтап) жұтады».

Сондай-ақ, көбінесе, «ق - қ» әрпі «س -с» әрпімен ілесе қосылып келеді: «أَرَّ أَرْسَقْدِيْ» ar arsydy (ер арсықды) — ер алданды»; «أَرَّ سَوْسَقْدِيْ» ar sojydy (ер сойсықды) — адамның малы ұрланды».

## ك (K—K)

Ұяң яки жіңішке дыбысталатын, яки түбірінде «ك» -к» әрпі бар сөздерде «ق» -к» әрпінің орнына «ك» -к» қолданылады: «كَيْفَ تَجِبْنَ أَرْبَابَهُنَّ» қашғұн ер jetsikti (қашғұн ер иетсікті) — қашқын адамға (куып) жетті»; «أَلْأَرْبَابُ بِكُمْ» ол ер bilsikti (ол ер білсікті) — ол адам білінді (ол адамның өзі, және жасырған нәрселері білінді)».

## ل (L—L)

Бұл әріп ырықсыз етіс жасауға қызмет етеді.

Мысалы, «أَرَأَيْتَ أَتَى» ер оқ атты (ер оқ атты) — адам оқ атты» деген түрдегі «أَتَى» атты — атты» етістігінен жасалған «أَتَى أَتَى» оқ атылды (оқ атылды) — оқ атылды» деген тәрізді. «بُورٌ تَقِيدُ» бөз тоқыды — бөз тоқыды» деген үлгідегі «تَقِيدُ» тоқыды — тоқыды» етістігінен туындаған «بُورٌ تَقِيدُ» бөз тоқылды — бөз тоқылды» деген секілді.

## ن (N—H)

Бұл әріп етістікке қосылып, істеушінің бір істі (бірінші жақтан) басқалар араласпай тұрып өзі орындағандығын аңғартады.

Мысалы, «أَلْأَرْبَابُ أَلْبَنَاءِ» ол жармақын алынды (ол иармақын алынды) — ол ақшасын өзі алды (алынды); «أَلْمَنْدِينَ تَتَّابِينَ قَلْبِي» ол mendin tavaғын қолынды (ол мендін таварын қолынды) — ол менен тауарын өзі қаланды (сұранды)» деген секілді.

## ي (LA//LƏ — LA//LƏ)

Бұл қосымша есімдерге қосылып, етістік жасайды.

Мысалы: «بَغِ كُشْلَادِي» beg küşladı (бег күшлады) — бек күс аулады» деген секілді. Бұл жағдайдағы «كُشٌّ» күс» сөзі есім



болып, әуелде етістікке ұқсас түрленбес еді, «у ла» қосымшасының ықпалымен етістікке айналып, құдды басқа етістіктей түрленіп өзгерді.

Бұл бір негізгі қағида. Оны есіңе сақта.

«بَدَّ كَعْدَا قَيْشَلادِي beg kendde қышлады (бег кенде қышлады) — бек қалада қыстады» деген түрдегі «قَيْشَلادِي қышлады (қышлады)» сөзі «قَيْش» қыш (қыш) сөзіне «у ла//ле» қосымшасының жалғанған әсерімен етістік жасалғандығының мысалы.

## ى (J—И)

Бұл әріп «ل -л» әрпімен бірлесіп (لى//ли тәрізді) жүреді. (-ғалы; -гелі. А. Е.) Етістікке қосылып, іс-әрекеттің атқарылуына аз қалғандығын, яғни әлі орындалып бітпегендігін көрсетеді.

Мысалы, «أول تَرْغَالِي قَلْدِي Ol tuғалы қалды (ол тұрғалы қалды) — Ол тұрғалы қалды (тұра жаздады)»; «أول بَرْغَالِي قَلْدِي Ol baғалы қалды (ол барғалы қалды) — Ол тұрғалы қалды (тұра жаздады)» деген үлгідегі «تَرْغَالِي tuғалы (тұрғалы) — тұрғалы (тұра жаздады)»; «بَرْغَالِي baғалы (барғалы) — барғалы (бара жаздады)» деген сөздер сияқты.

Бұл қағиданы жақсылап үйренгін.

## СӨЗДЕРДІҢ ӨЗ ТҮЗІЛІМІ БОЙЫНША ІЛГЕРІ — КЕЙІН КЕЛУ ТӘРТІБІ

Әуелі екі әріпті сөздерден бастаймын да, содан әрі үш, төрт, бес және алты әріпті сөздерге барамын. Ортасы сүкүнді (әріптің қысқатынысты, созбау белгісі — «  •  » бар) сөздерді харакатты (әріптердің өзінен кейінгі әріпке жалғасуы) сөздерден бұрын келтіремін; одан соң ортасы харакатты болған сөздерді өз харакаттарының тәртібіне сай беремін. Одан кейін, бас жағына (шекесіне) хамза және соған

ұқсас әріптер қосылған (қойылған) сөздер беріледі. Одан кейін, бірінші және екінші әріптері арасында әріп қосылған сөздерді өз орнымен қосамын; Одан кейін, үшінші әрпінің соңына әріп қосылған сөздерді тіркеймін. Бұдан басқа, осы сөздердің бас-аяғын назарда ұстаймыз.

Кітабымызда сөздердің өз түзілістеріне қарай ілгері-кейін келу (орналасу) тәртібі де осылай болды. Кітаптың барлық бөлімдерінде есімдер де осы тәртіпте реттеледі.

## ӘРІПТЕРДІҢ ІЛГЕРІ-КЕЙІН ҚОЙЫЛУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ

Бұл кітапты «ب -б» әрпімен аяқталатын есімдермен бастаймын. Содан кейін барып қалған әріптерді әліпби ретімен беремін. Бұл ілгерідегі әдебилер жолына сәйкес және де араб тілінің түзілу тәртібі тәрізді.

Сонымен қатар күллі сөздердің бас-аяғын назарда ұстаймын. Қандай сөздің басында хамза яки хамзаға жақын әріп болса, жазғанда оны басқалардың алдына шығарамын. Сөздердің арасында «уа» жалғаулығын «واو عاطفه» waw (wavy) өtifa (өтифа)» колданбадық, (көрсетпедік), өйткені түрік тілдерінде оған орын жоқ. Осыны жақсы түсініп алғын.

## СИПАТ РЕТІНДЕ АЙТЫЛМАҒАН СИПАТТАР ТУРАЛЫ

Бұл сипаттар (сын есім) түрлі мақсаттар үшін, түрлі сөздерден әртүрлі жолдармен жасалады:

Біріншісі: істеушінің сол іс-әрекетті анда-санда істейтінін білдіретін сипат. Мысалы: «بَرْدِي آرُ» bardy er (барды ер) — барған ер» деген тұлғадан жасалған «بَرْدَجِي آرُ» bardashy er (бардашы ер) — барушы ер (адам)», «كَلْدِي آرُ» keldi er (келді ер) — келген ер» тұлға-

сынан жасалған «**أَزُّ كَلْدَجِي** keldeshi er (келдеші ер) — келуші ер» дегендерге ұқсас болып келеді.

Бұл түрдегі сипаттар айтылмады.

Екіншісі: істеушінің (іс-әрекет жасаушының) сол іс-әрекетін дүркін-дүркін, әлденеше қайтара жасайтынын білдіретін сипат. Мысалы: «**أَلْ أَرْ أَلْ أَتْكَ بَرَّعَانْ** Ol er ol evge barağan (ол ер ол евге бараған) — Ол ер ол үйге бараған (барғыш, бара беретін)»; «**أَلْ كِشِي أَلْ بِيْزْكَ كَلْكَانْ** Ol kişi ol bizgə kelegen (ол кіші ол бізге келеген) (келе беретін, келгіш)» түріндегі «**بَرَّعَانْ** barağan (бараған)», «**كَلْكَانْ** kelegen (келеген)» дегендер секілді болып келеді. Бұл түрдегі сипаттарды да айтпадық.

Үшіншісі: істеушінің бір істі істеуге ынта-ықыласы мен ұмтылысын аңғартатын сипат. Мысалы:

«**أَلْ أَرْ أَلْ أَتْكَ بَرَّعْسَائِي** Ol er ol evgə barıfsak (ол ер ол евге барығсақ) — Ол ер ол үйге баруға құмар (барғысы келіп тұрады)».

«**أَلْ كِشِي أَلْ بِيْزْكَ كَلْكَانْ** Ol kişi ol bizgə keligsek (ол кіші ол бізге келігсек) — Ол кісі ол бізге келімсек (келгісі келетін; келуге ықыласты)» дегендерге ұқсас болып келеді.

Бұларды сипат ретінде сөз етпедік.

Төртіншісі: бір істі істеу сол атқарушының борышы екендігін білдіретін сипат. Мысалы:

«**أَلْ أَتْكَ بَرَّعْلُقْ أَرْدِي** Ol evge barğuluk erdi (ол өвге барғұлқ ерді) — Ол үйге барғылық еді; (баруға тиісті еді)» деген секілді. Бұл сипат түсіндірілмеді. Оғыздар осындағы сөздердегі «**ل** -л» әрпінің орнына сол мәндегі «**س** -с» әрпін қолданады.

Тағы бір мысал:

«أَلْ يَجِيْتُ بِيْزُنَا تَكَلُّوْكُمْ اَرْدِيْ» Ol jigit bizge kelgiylik erdi (ол жігіт бізге келгүлік ерді) — Ол жігіт бізге келгілік еді, (келуге міндетті еді.)» деген де сол сияқты. Бұл сипатты баян етпедік.

Бесіншісі: істеушінің бір іс-әрекетті атқару үстінде екендігін білдіретін сипат. Мысалы:

«مَنْ اَتَمَّا بَرِّغْلَى مَنْ» Men evge barıǵlı men (мен евге барығлы мен) — Мен үйге барғалы тұрмын (бара жатырмын.); «مَنْ سِيْزُكَ كَلِكْلِيْ مَنْ» Men sizge keligli men (мен сізге келіглі мен) — Мен сізге келгелі тұрмын» дегендер тәрізді. Бұларды да сипат қатарында айтпадық.

Мұндай сипаттардың бәрі тек етістіктен жасалған. Әртүрлі етістіктерден сол мәнде осы әдіспен түрлі сипаттар туындайды. Бұлар кітапта келтірілмейді.

Істелген іс, оның үстіне болғанын білдіретін сипаттар мен ерекшеліктері де көрсетіліп отырмады.

Егер қағиданың қалай қолданылатындығын және бұл сөздердің халық тілінде қалай кездесетіндігін көрсету қажет болса, сол қағидаларға (ережелерге) тоқталғанда айтып өтеміз.

Бірлік, көптік, салыстыру, асыру, кішірейткіш, септеу және түрлену және басқа мәселелері сөз болмады. Сол үшін бөлек бір кітап жазып, оған «Түрік тілінің асыл жәуһарлары» деп ат қойдым. Тәңірдің бұйрығымен осы ережелер сол кітапта айтылды.

## МӘСДАР ҚАТАРЫНДА АЙТЫЛМАҒАН МӘСДАРЛАР ТУРАЛЫ

Мәсдарлар (яғни етістіктің тұйық райы — А. Е.) екі түрлі болады:

Біріншісі: түп (негізгі) мәсдар. Бұл түрдегі мәсдарлар етістік бө-

ліміндегі өткен шақ пен келер шақ егістіктерімен бірге қоса көрсетілді.

Екіншісі: әсілінде мәсдар болмай, сөз қосу, түрлендіру арқылы жасалған мәсдарлар. Мұндай мәсдарлардың сипат-мәнісі болады. Бұларды аса қажет жерлерінде ғана көрсетіп отырамын.

«**بَرِيرٌ** baғығ (барыр) — барар», «**بَرْدِي** bardy (барды) — барды» секілділерден жасалған «**بَرْمَاقٌ** barmaq (бармақ) — бармақ»;

«**كَلِيرٌ** kelir (келір) — келер», «**كَلْدِي** keldi (келді) — келді» секілділерден жасалған «**كَلْمَكٌ** kelmek (келмек) — келмек» болса, бұлар түп мәсдарлар.

Изәфет жолымен, сөз қосу арқылы жасалған жасанды мәсдарларға өрнек етіп мыналарды көрсетуге болады:

«**مَنْكَا تُشْغِيلٌ** Menin barğym bol-sa tana tuşğyl (менің барғым болса мана түшғыл) — Мен барар болсам, маған жолық»; «**كَلِكِي بُولْسَا اُوقْتَا** Kejik keliki bolsa oqta (кәиік келікі болса оқта) — Киік келген болса, оқ ат» деген үлгілердегі «**بَرِغٌ** (барғым) — барық (барғым)», «**كَلِكٌ** kelik (келік) — келік» деген сөздер жасанды мәсдарлар.

«**تازُ كَلِكِي بۆرүкшікә** Taz keliki bөрkшige (таз келікі бөрікшіге) — Таздың келері бөрікшіні («Таздың барар жері бөрікшінін дүкені» деген мағынаны айтпақшы)» мақалындағы «**كَلِكِي** keliki (келікі) — келікі» сөзі де сол секілді.

Мына бір мәсдарлар қатаң сөздерге «**ق** -қ» яки «**غ** -ғ» әріптері қосылып жасалады. Мысалы,

«**بَرِغْ بَرِدِي** Вагығ барды (барығ барды)» («қатты барды» демекші); «**أَلْ قُلَيْنِ أُرْغِ أُرْدِي** Ол құлын иґық урды (ол құлын үрүк ұрды) — Ол құлын ұрып ұрды («ол құлын қатты, үсті-үстіне ұрды» демекші)» түрінде кездесетін «**بَرِغْ** вагығ (барығ) — барығ», «**أُرْغِ** иґық — ұрық» мәсдарлары етістіктерге «**ق** -қ», «**غ** -ғ» үстемеленіп жасалған. «**ق** -Қ», «**ك** -к» әріптері қашанда изафет әрпі саналатын (анықтауышка қосылатын) «**ي** -й» әрпімен бірге қолданылады. «**غ** -Ғ» әрпі сияқты жалғыз өзі қолданылмайды. Мысалы: «**أَبْنِكَ يُرْقِي نَتِكْ** Аның жоғиқы нетег (аның иорұқы нетег) — Оның жүрісі қандай?» деген секілді.

Бұл түрде «**يُرْقِي** жоғиқы (иорұқы)» сөзінің түбірінде болған «**ق** -қ» әрпі де «**غ** -ғ» әрпінің орнына келген.

Түбірінде «**ك** -к» болған сөздерге яғни жұмсақ сөздерге «**ك** -к» әрпі ұласады. «**أَبِي سَكْتِكْ سَكْتِي** Аны сөкүк сөкті (аны сөкүк сөкті) — Оны қатты сөкті »; «**أَلْ قُلَيْنِ تَبِكْ تَبْدِي** Ол құлын тепік тепті (ол құлын қатты тепті) — Ол құлын қатты тепті» деген түрдегі «**سَكْتِكْ** сөкүк (сөкүк)», «**تَبِكْ** тепік (тәпік)» сөздері «**ك** -к» қосылып жасалған масдарлардың көрінісі. Мұндай түрдегі мәсдарларда жекеше, көпше мәні аңғарылады, «**وَكَلِمَ اللّٰهُ مُوسَى تَكَلِمًا** тәңгі Мұсаға жекелер айтты (Тәңгі Мұсаға жекелеп айтты)» — деген секілді.

Сөзді қыскартып, қағидаларды бір тәртіпте үйретіп беру үшін, қағидалар жөнінде қысқаша тоқтадық. Қалғандарын осыған салыстырып түсініп алуға болады. Бұл жерде мен көрсеткен қағидалар (ережелер) мен ишара жасаған жайлар күллі түрік тілдері үшін бірдей ортақ болып келеді.

Хұда қаласа, бұлар өз орнымен түсіндіріледі.

## КІТАПТА АЙТЫЛҒАН ЖӘНЕ АЙТЫЛМАҒАН НӘРСЕЛЕР ХАҚЫНДА

Кітапта мұсылман түріктері елдеріндегі таулардың, шөлдердің, ойпаттардың, дариялар мен көлдердің аттарын жаздым. Олар қашан да қолданылып келеді, тілдерде әрдайым ұшырасып тұрады. Солардың кең танымал болғандарын жаздым, онша белгілі болмағандарын тастадым. Мұсылман болмаған түрік елдеріндегілердің бағзы біреулерін жаздым, бағзы біреулерін қалдырдым. Өйткені, оларды (белгісіздерін — А. Е.) жазғаннан пайда жоқ. Түрік тілдеріне кейін кірген сөздерді және жазбадым. Ер мен әйел есімдерінің де бәрін емес, тек ең көп ұшырасатын әрі баршаға таныс болғандарын тура мәндерін біліп алғысы келгендер үшін көрсетіп өттім.

## ТҮРІК ХАЛЫҚТАРЫ МЕН ТАЙПАЛАРЫ ХАҚЫНДА

Түріктер тегінен жиырма тайпалы. Олардың барлығы Тәңірі өзіз көрген Нұқ пайғамбардың ұлы Иафас және Иафастың ұлы Түрікке барып тіреледі.

Бұлар Рұм әулетінің Тәңірі өзіз тұтқан Ибраһим пайғамбардың ұлы Ысқақ және Ысқақтың ұлы Ғайса (Иса) және Ғайсаның ұлы Рұмға барып тірелетінге ұқсайды. Әрбір түрік тайпасының қаншама ұрық-шәріптері бар, олардың саны ұлы Тәңірінің бір өзіне мағлұм. Мен бұлардың тұптамырлары мен ана тараптарын жаздым. Ру-аймақтарын тастадым. Кісілерде оғыз түркмендерінің білуге ықтияр болғандықтары үшін, солардың ұрықтарын, малдарына басатын таңбаларын да көрсеттім. Мұсылман болсын, болмасын мейілі, Рұм өлкесі жанынан Күншығысқа қарай кеткен рет бойынша, біртіндеп, шығыстағы тайпалардың орналасқан жайларын көрсетіп өттім.

Рұм өлкесіне бәрінен жақын орналасқан тайпа **بَجَنَكْ** бешенек; одан қалса **قَفْجَاقْ** қыпшақ, **اَغْرُ** оғыз, **يَمَاكْ** немек, **بَشْغَرْتْ** башғырт, **قَرْقَرْ** басмыл, **قَايْ** қай, **تِيَانُوْ** иабаку, содан **تَتَارْ** татар, содан **قَرْقَرْ** қырғыз тараптары. Қырғыздыр Шыңға жақын жайлаған. Бұл тайпалардың барлығы Рұм өлкесі жанынан шығысқа қарай осы ретпен созылып жатыр.

Содан, **چَكِلْ** шігіл, **تُخْسِي** тохсы, **يَحْمَا** иағма, **أَغْرَاقُ** ұғрақ, **جَرُّقُ** жарұқ, **جُمَّلْ** жомыл, **أَيْغُرُ** үйгүр, **تَنْكُتْ** танғұт, **خَيْتَايْ** хытай. Қытай өлкесі «Шын» деп аталады. Одан соң, **تَتْنَاجُ** табғаш, оны «Машын» дейді.

Бұл тайпалар Женүп пен Шимал арасында тұр. Олардың орналасқан орындарын осы шеңберлі картада бір-бірлеп көрсеттім.

(Дөңгелек картаны осы беттен көруіңізге болады — А. Е.)

## ТҮРІК ТІЛДЕРІ ТУРАЛЫ

Ең ашық-айқын әрі тура-түзу тіл — тек сол бір ғана тілді біліп, парсылармен араласпайтын және шет өлкелермен барыс келіс жасмайтын кісілердің тілдері. Екі тіл білетін және шахарлармен\* араласып қалған кісілердің тілінде бұзықтық бар. **سُغْدَاقُ** Соғдақ, **كَنْجَاكُ** кенжек, **أَرْغُو** арғу тайпалары сондай екі тіл білетіндерге (екі тілде сөйлейтіндерге А. Е.) кіреді. Шетелдіктермен араласатын және қалалықтармен араласатын **خُتَنْ** хотан, **تُبْتْ** түбіт халықтары мен **تَنْكُتْ** танғұттардың бағзылары сондай. Бұлар түріктер еліне кейінірек келгендер. Бұлардың әрбірінің тілдерін өз орнында талдап, айырып жазамын. **جَابَرْنَا** Жапарқалықтар (жапондықтар А. Е.) шалғай алыста орналасқандықтан, Машын мен олардың арасын ұлы теңіздер бөліп тұрғандықтан олардың тілі бізге белгісіз, білінбейді.

Шын мен Машын халықтарының тілдері бөлек, айырмалары болса да, шахарлықтар түрікше жақсы біледі. Бізге жазған хат-хабарларын түрік жазуымен жазады. Сондайлық, арада ұзақ алыстық және Шын иініндегі тау, теңіздер болғандықтан иәжүз бен мәжүзлердің **مَاجُجُ** **و** **يَاجُجُ** тілдері бізге мәлім емес. Түбіттердің бөлек тілі бар. Сол секілді Хотандықтардың бөлек тілі, бөлек жазуы бар. Бұлардың екеуі де түрікшені бар шырайымен жақсы білмейді.

Ұйғырлардың тілі түрікше, әйтсе де, өзара бір-бірімен тағы бір түрлі өзгеше тілмен сөйлеседі. Кітаптың бас тарапында көрсетілген 24 әріпті түрік жазуын қолданады. Кітаптарын, хат-хабарларын сол

\* Қазір де «шаһар» деп жазу қалыптасқан. М. Кашқаридың жоғарыдағы сөздеріне зер салсаңыз ол «h» әрпін түрік тіліне тән деп қабылдамайды. Соны ескеріп, біз кей тұстарда кәдімгі «x» әрпін қолдандық.



жазумен жазады. Ұйғырлар мен шынәлықтардың бұдан басқа тағы бір жазулары бар. Ресми құжаттарын, жазбаларын сол жазумен жазады. Ол жазуды мұсылман болмаған ұйғырлар мен шынәлықтардан басқалар оқи алмайды. Мен бұларды шахар халықтары турасында айтып отырмын.

